

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ. ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС, БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫ 2026 ЖЫЛҒЫ 28 ТАМЫЗДА САҒАТ 11-ДЕ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТЕДІ.

№101
(4999)
Бейсенбі
27 тамыз
2026 жыл



ASTANA

AQSHAMY



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚҰРЫЛТАЙҒА 5 ПАРТИЯ ӨТТІ

Орталық сайлау комиссиясының Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлаудың қорытындыларын белгілеу және дауыс беру қорытындылары бойынша депутаттық мандаттарды бөлу туралы қаулысы жарияланды.

Қаулыда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 5 және одан көп процентін алған саяси партиялар: «Әділет» партиясы – 6528948 (71,17%); «Ауыл» партиясы – 574621 (6,26%); «Respublica» партиясы – 509631 (5,56%); «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 478083 (5,21%); Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 469058 (5,11%). Саяси партиялар үшін депутаттық мандаттар келесідей бөлінді: «Әділет» партиясы – 110; «Ауыл» партиясы – 10; «Respublica» партиясы – 9; «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 8; Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 8.



АМАНДАСУ – ӘДЕПТІҢ АЙНАСЫ

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



БІЛІМ – ТАУСЫЛМАС ҚАЗЫНА

Кеше Астанада «Адам капиталы, білім, прогресс – халықтық конституцияның негізгі құндылықтары» тақырыбында педагогтердің Тамыз конференциясы өтті. Білім беру саласының өзекті мәселелері талқыланып, жаңа оқу жылындағы негізгі басымдықтар айқындалған жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, еліміздің білім саласы алдында тұрған басты міндеттерді атап, мұғалімдер қауымына алғысын білдірді.

Өңірлік креатив жәрмеңкесі

29-30 ТАМЫЗ

Түркістан

Шеберлік қолы
Шеберлік қолы
Шеберлік қолы

Астана қаласы, Qazaq Creative Hub, Жошы хан көшесі, 16/2

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫН ДРОНМЕН БАҚЫЛАЙДЫ

Астана қаласының прокуратурасы құрылыстағы заң бұзушылықтарды дрондар арқылы анықтау үшін дрондарды қолдана бастады.

Сақтандырудың болмауы, биікте қауіпті жұмыстың жүргізілуін немесе заңсыз жұмыс күшінің тартылуын құрылыс салушылар енді жасыра алмайды. Дрондармен бақылау жүргізу арқылы алғашқы 3 айда арнайы техниканың объективіне қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы талаптарды бұзған

20 құрылыс нысаны түсті. Нәтижесінде 13 жұмыс беруші әкімшілік жауапқа тартылып, 1,1 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Астана қаласының прокуратурасы «әуе бақылауының» мақсаты – азаматтардың еңбек құқығын қорғау және еңбекті қорғау саласындағы заңды қамтамасыз ету екенін атап өтті.

29 ТАМЫЗ 2026 жыл

KIDS RUN

БІЛІМГЕ
БАСТАР ҚАДАМ!

БҰҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР ЖҮГІРІСІ

ҚАТЫСУШЫЛАР ЖАСЫ: 6-15 ЖАС

ҚАШЫҚТЫҚТАР: 300 МЕТР, 500 МЕТР, 1 КИЛОМЕТР

ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ ШЕКТЕУЛІ: 1000 АДАМ

ӨТЕТІН ОРНЫ: ОРТАЛЫҚ САЙБАҚ, ШАҒЫН РОЛЛЕР ТРАССАСЫ

БАСТАЛУ УАҚЫТЫ: 09:00

ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЕСТІЛІК СЫЛДЫРАДЫ

ЖАРҒЫН СПОРТ МЕРЕКЕСІНЕ ҚАТЫСЫП, БЕЛСЕНДІ ӨРІ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН БІРГЕ ҚОЛДАЙЫҚ!

Бүгін, 27 тамызда, сағат 14:00-16:00 аралығында Астана қаласындағы Жастар сарайында (Республика даңғылы, 34) бос жұмыс орындарына арналған кезекті жәрмеңке өтеді.

АДАМ КАПИТАЛЫ, БІЛІМ, ПРОГРЕСС – ХАЛЫҚТЫҚ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТАМЫЗ



ҚАДІРЛІ ҰСТАЗДАР! ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ!

Ең алдымен, баршаңызды дәстүрлі Тамыз конференциясының ашылуымен құттықтаймын! Жиынға Қазақстанның барлық аймағынан ұлағатты ұстаздар арнайы келіп отыр.

КОНСТИТУЦИЯДА БІЛІМ САЛАСЫНА МӘН БЕРІЛДІ

Мықты мұғалім – сапалы ұлттың тірегі, бұл – нағыз ақиқат. Жиналыста өте ұтымды, мазмұнды баяндамаларды тыңдадық, тиімді пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Сөз сөйлеген ұстаздарға, бүкіл мұғалімдер қауымына ризашылығымды, ілтипатымды білдіремін. Тиісті министрлік, жалпы Үкімет айтылған мәселелерді үнемі назарда ұстауы керек. Бұл жұмысты аса маңызды стратегиялық міндет деп түсіну қажет.

Ұстазды ұлықтаған елдің келешегі жарқын болары айдан анық. Ұлы Абай 38-қара сөзінде адамның адамдығы жақсы ұстаздан болатынын айтқан. Сіздер жас буынға терең білім беріп, саналы, озық ойлы және отаншыл ұрпақ тәрбиелеуге зор еңбек сіңіріп жүрсіздер. Осылайша, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруға атсалысып келесіздер.

Биылғы Тамыз конференциясы еліміздегі ауқымды өзгерістер кезеңіне тұспа-тұс келді. Бәріміз бір ел болып, түбегейлі реформаларды ойдағыдай жүзеге асырдық. Наурыз айында өткен жалпыұлттық референдум нәтижесінде жаңа Халық Конституциясы қабылданды. Тұтас қоғам қолдаған Ата заң бірінші шілде күні күшіне енді. Бұл – еліміз үшін маңызы ерекше тарихи оқиға.

Бас құжатта тұңғыш рет білім саласына айрықша мән берілді, яғни адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамыту еліміздің стратегиялық бағыты ретінде айқындалды. Қазір бүкіл билік жүйесін және қоғамдық институттарды ауқымды жаңғырту жұмысы жүріп жатыр.

Осыдан бірнеше күн бұрын алғашқы Құрылтай сайлауы өтті. Ал кеше оның нәтижелері шықты. Бұл өте маңызды саяси науқан, саяси іс-шара деп те айтуға болады, шын мәнінде, бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Осы істе Орталық сайлау комиссиясы үлкен рөл атқарды. Сайлау үдерісіне дұрыс шешімдер, соның ішінде жасанды интеллект технологиясы енгізілуде. Мұндай әдіс-тәсілдер науқанның сапасын арттыра түсті. Сондай-ақ сайлауға шетелдік байқаушылар тарапынан да қызығушылық жоғары болды. Халықаралық қауымдастық сайлау нәтижесін мойындады, оның ұлттық заңнамаға және барлық талаптарға сай өткенін атап өтті.

Мен бүгін Конституцияның 46-бабына сәйкес бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясын шақыру туралы Жарлыққа қол қойдым. Алқалы жиын 28 тамыз күні болады. Оған дейін Құрылтайға өткен партиялар депутаттардың тізімін әзірлеуге тиіс.

Жалпы, Құрылтай сайлауы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Партиялар ұсынған тізімге тәжірибесі мол түрлі мамандық иелерінен қатар, саясатқа жаңадан келген



азаматтар да енді. Олардың қатарында қабілетті жастар, солардың ішінде Президенттің кадрлық резервінің мүшелері бар. Жаңа буын өкілдері саяси науқанды жандандыра түскені сөзсіз. Халыққа адал қызмет еткісі келетін, жауапкершіліктен тайсалмайтын, жаңашыл адамдардың бәріне бірдей мүмкіндік берілді. Түптеп келгенде, бұл – қалыпты, яғни эволюциялық үдеріс.

Осы орайда саяси партиялардың белсенділігін, олардың идеологиялық ұстанымдарын, кәсіби деңгейін ерекше атап өткім келеді. Саяси дода кезінде ел болашағына тікелей ықпал ететін ұтымды ұсыныстар айтылды. Сайлаушылар да бұл жұмыстан тыс қалған жоқ, олар әр мәселе бойынша өз пікірлерін ашық білдіріп отырды. Бұл үгіт-насихат кезінде болған ұлттық теледебаттардан, ақпарат алаңындағы ашық пікірталастардан анық байқалды. Осылайша, қоғамда өзара құрмет пен жауапкершілік және пікір алуандығы құндылықтары орнығып жатыр, жаңа саяси мәдениет қалыптасуда.

ҚОҒАМДЫҚ САНА ЖАҢҒЫРУЫ ТИІС

Ұлтымыздың келешегін айқындайтын тарихи өзгерістер табысты болуы үшін, ең алдымен, қоғамдық сана жаңғыруға тиіс. Бұл істе мәртебелі мамандық иесі – мұғалімнің рөлі айрықша маңызды. Әлемді ең дамыған технология өзгертуі мүмкін. Ал адамды, оның дүниетанымын өзгерту – нағыз ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Сондықтан мемлекет білім жүйесін дамытуға әрдайым баса назар аударады.

Соңғы жеті жылда бұл салаға бөлінетін қаржы үш есе артып, 6,4 триллион теңгеге жетті. Кейінгі бес жылдың ішінде 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1120 мектеп салынды. 5 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңартылды. Білім ошақтарында 7 мыңнан астам заманауи үлгідегі пән кабинеттері жасақталды.

Өздеріңізге мәлім, осыдан екі жыл бұрын менің тікелей тапсырмаммен «Келешек мектептері» жобасы бастау алды. Осы жоба аясында 460 мың оқушыға арналған 217 мектеп

салынды. Заманауи мектептердің жаңа стандартты пайда болды десек артық болмайды. Алайда біз әрбір өңірде, соның ішінде мектептерге сұраныс бар аудандарда сапалы оқу орындарының құрылысын міндетті түрде жалғастырамыз. Бұл – алдымызда тұрған мемлекеттік маңызға ие аса өзекті міндет. Уақытты созбай жұмысқа кірісуіміз керек, келесі жылы құрылыс барысы қарқынды болуы қажет.

Ұстаздың беделін нығайтып, оларды жан-жақты қолдау үшін белсенді жұмыс атқарылып жатыр. «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды. Биыл бұл заңға толықтыру енгізіліп, ұстаздарға қосымша құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер берілді. 5 қазан күні ұстаздардың кәсіби мерекесі ретінде нақты бекітілді.

Мемлекеттік марапаттар тізіміне «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы енгізілді. Бұл мәртебелі наградамен марапатталған тұлғаларға қомақты сыйақы беріліп жатыр. Қазірдің өзінде 100-ге жуық мұғалім марапатталды. Басқа да лайықты ұстаздар мемлекет назарынан тыс қалмай, осы құрметті атаққа ие болары күмәнсіз. Соңғы үш жылда еліміздегі 3 мұғалімге ең жоғары мемлекеттік награда – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Бұл ұстаздар қауымына деген айрықша құрметтің белгісі екені сөзсіз.

TALIS-2024 (The OECD Teaching and Learning International Survey) зерттеуінің нәтижесіне сәйкес, Қазақстан мұғалімдердің беделін нығайту көрсеткіші жөнінен екінші орында тұр. Сондай-ақ ұстаздардың еңбекақыға қанағаттану өлшемі бойынша еліміз әлемдегі алғашқы бес мемлекеттің қатарына кіреді. Атап айтқанда, ұстаздардың 95 пайызы өз жұмысына көңілі толатынын айтқан. Ал 80 пайызы осы мамандықты қайта таңдауға дайын екенін жеткізген.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АЙТЫЛДЫ

Ұстазды қадірлей білу – өркениетті қоғамға тән қасиет. Біз ұлт сапасын арттырамыз десек, бірінші кезекте мұғалімдерге барынша қолдау көрсетуіміз керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным.

Еліміздегі білім саласын дамыту үшін көп жұмыс атқарылды. Нақты нәтижелер де бар. Былтыр оқушыларымыз 30-дан астам беделді халықаралық олимпиада мен ғылыми жобаға қатысып, мыңнан астам медаль жеңіп алды. Ауыл мектебінен шыққан республикалық олимпиада жүлдегерінің саны 10 есе ұлғайды. Осылайша, қала мен ауыл мектебіндегі білім сапасының алшақтығы айтарлықтай азайып келеді. Алайда арқаны кеңге салуға әлі ерте, алдымызда көп жұмыс бар, оны тиімді атқаруымыз қажет.

Білім беру саласында әлі күнге дейін шешімін таппай отырған біраз түйткіл бар. Сондықтан бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталғанды жөн деп санаймын.

БІРІНШІ. Оқу-ағарту саласындағы кадр тапшылығын жойып, ұстаздардың біліктілігін көтеру қажет. Бұл бағытта жүйелі шаралар қолға алынуда, нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Соның арқасында білім саласын таңдаған жастардың қатары көбеюде. Бұл – жақсы нәтиже. Бірақ біз білім саласын дамыту үшін әлі де біраз шаруа атқаруымыз керек.

Елімізге тағы да 5 мыңнан астам мұғалім керек. Себебі халық саны тұрақты түрде артып келеді. Соңғы жылдары салынып жатқан мектептердің саны да едәуір көп. Осы жағдай педагог мамандарға деген сұранысты арттырып отыр. Бұл мәселе бойынша министрліктың тәсілдер ұсынуға тиіс. Сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін көтеру мәселесіне ерекше назар аударған жөн. Алайда осы саладағы кезекті ауқымды реформаны жасаймыз деп, бүкіл оқу жүйесін қысқа мерзімде түбегейлі өзгертуге болмайды. Әйтпесе, бұрыннан қалған теріс нәтижелер осы аса маңызды саланың тас-талқанын шығарғаны есімізде бар. Осындай сынақтар оқу саласына үлкен зиян әкелді. Тек реформа үшін жай ғана аты бар, заты жоқ реформалар жүргізуді доғару қажет. Басқа сөзбен айтқанда,

реформаларды, өзгерістерді, әрине, жүргізу керек, бірақ ондай өзгерістер мұғалімдерді әбден шаршатып, оларды күйзеліске ұшыратпауы керек.

Әрбір реформаны, әсіресе, білім саласындағы реформаны жүзеге асыру алдында оны жан-жақты саралау қажет, оның тиімділігіне әбден көз жеткізу керек. Реформа бұл бастапқы сынақ, эксперимент емес, бұл – жауапты шешім мен іс-шара. Үкімет педагогикалық жоғары оқу орындарының қызметін қайта қарау кезінде бұл мәселені міндетті түрде ескеруге тиіс.

Ұстаздарды мектеп пен балабақшадағы жұмыстың кәсіби ерекшеліктеріне барынша бейімдейтін бірыңғай жүйе құру қажет деген ұсыныс бар екен. Оны жан-жақты қарап, қажет болса, іске асыру керек. Бұл іске әдістемелік орталықтар, мектепке дейінгі, орта және қосымша білім беру мекемелері белсене атсалысуға тиіс. Осы салаға жауапты министрліктер педагогтердің жаңа буынын даярлау үшін күш жұмылдыруы керек. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жұмыла әрекет ету қажет.

Өздеріңізге мәлім, мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету үшін «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы құрылды. Бірақ бүгінде бұл ұйымның жұмысы мардымсыз деуге болады. Мәселен, маған ұстаздардан аттестация ережесін қайта қарау туралы көптеген өтініш келіп түсті. Мұғалімдер артық жүктеменің және қағазбастылықтың көп екенін айтып, шағымданып отыр. Осыған орай, мен педагогтерді аттестациядан өткізу талаптарын оңтайландыру, жетілдіру жөнінде нақты тапсырма бердім. Бұл жерде бағалаудан мүлде бас тарту немесе оны күрделендіру туралы сөз болып отырған жоқ.

БІЛІМ ЖОЛЫ – СЫНАҒЫ МЕН ҚИЫНДЫҒЫ КӨП ЖОЛ

Білімді әділ бағалау – білім беру жүйесінің өзегі. Бізге мейлінше түсінікті әрі ашық жүйе керек. Бұл – өте маңызды мәселе, оны қарастырған кезде жоғары жауапкершілік пен мінсіз кәсібилік таныту қажет. Тиісті министрлік бұл мәселемен айналысып, көп ұзамай нақты ұсы-

ныстар беруге тиіс. Біліктілікті көтеру бағдарламаларына жаңа Конституция құндылықтарын, сондай-ақ, «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» идеяларын енгізген жөн, бұл қызметтік міндет деп айтуға болады.

ЕКІНШІ мәселе. Аймақтар арасындағы білім сапасына қатысты алшақтықты жою қажет. Осы тұста ұлттық бірыңғай тестілеудің биылғы нәтижелеріне тоқталғым келеді. Мәселен, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарының, сондай-ақ, Астана және Алматы қалаларының түлектері жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Ал Түркістан, Ұлытау, Атырау, Ақтөбе және Алматы облыстарындағы жағдай жақсы деп айту қиын. Әсіресе, тиісті министрлік пен әкімдік Түркістан облысындағы ахуалға назар аударуы керек. PISA ұйымының зерттеуі де Түркістан облысындағы білім сапасының мәз емес екенін көрсетті. Бұл – аймақтың оқу-ағарту жүйесінде олқылықтар әлі бар деген сөз. Бірақ облыстағы жағдайды дағдарыс деп те айтуға болмайды.

Мәселе мынада: облыста білім алып жатқан оқушылардың 75 пайызға жуығы ауылда тұрады. Олардың жан-жақты және қарқынды дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Қажетті инфрақұрылым салып, шалғай елді мекендерге мықты мамандарды тартқан жөн. Бұл – Үкіметтің және әкімдіктердің алдында тұрған жедел міндет, жұмысты жоспарлы түрде тездетіп атқарып, нақты нәтижелерге қол жеткізу қажет. Жалпы, төмен нәтиже көрсеткен барлық аймақтың әкімдері бұл бағыттағы жұмысты күшейтуі керек. Үкіметке осы жұмысты тиімді үйлестіруді тапсырамын.

Бұдан бөлек, Президент Әкімшілігіне Үкіметпен бірлесіп, төмен нәтиже көрсеткен облыстарға нақты көмек көрсетуді, мысалы, арнайы талдау жүргізуді тапсырамын. Ал Үкімет білім жүйесінің тиімділігін арттыра түсетін жан-жақты зерттелген шешімдер ұсынуға тиіс. Бұл мәселеде жетістікке ие болған мектептер мен даму институттарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланған жөн.

Құзырлы министрлік орта білімнің мазмұнын заман талабына сай жаңғыртуы қажет. Мысалы, тарихи аңыздар мен шындыққа сай келмейтін оқиғалардың орнына ескелең ұрпаққа ілгерілеуге, прогреске бағытталған пәндерді оқыту қажет. Ал тиісті бағдарламаларды даярлау – бұл министрліктің жедел мақсаты.

«Келешек мектептері» инновациялық шешімдерді енгізу және ұлттық білім беру үлгісін қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқаруы керек. Осы орайда Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына зор жауапкершілік жүктеледі. Алдағы үш жыл ішінде «Келешек мектептері» білім беруінің озық тәжірибелерін сынақтан өткізетін орталыққа айналуға тиіс.

Білім жолы – сынағы мен қиындығы көп жол. Осы жолда табысқа жетіп, бейнеттің зейнетін көру үшін, ең алдымен, табанды еңбек ету қажет. Түптеп келгенде, бәріміздің мақсатымыз бір, мүддеміз ортақ екенін естен шығармаған абзал. Бұл орайда бір мәселеге арнайы тоқталып өткім келеді. Көбіңізге белгілі, әлеуметтік желіде білім саласына қатысты қызу пікірталастар болып тұрады. Кейде мұндай дау-дамайларға білім жүйесінің

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

бұрынғы және қазіргі лауазымды тұлғалары араласып жататыны көзге түсетін болды. Өкінішке қарай, осындай тартыстар білім саласына пайдасын тигізеді деп айту қиын. Өркениетті пікірталастардың орнына айқай-шу мен даңғазаны тыңдап отыруға мәжбүрміз. Тіпті ұстаздар қауымы да ондай пікірталастардың түпкі мәнін түсіне алмай дал болуда.

Әрине, балалардың болашағы үшін алаңдап, ұтымды ұсыныстар білдіру – бөлек әңгіме. Ал жанашыр болып емес, жақсы атты болу үшін пікір білдіру – тіптен басқа мәселе. Өнбейтін дауды қуып, өрісімізді кеңейте алмайтынымыз анық. Қазір бос, бұрыс сөздің уақыты емес, нақты, дұрыс істің дәуірі. Осыны ескерген жөн.

ЖАПА ШЕККЕН ҰЛТ КЕЙПІНЕН АРЫЛАЙЫҚ

ҮШІНШІ. Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізу. Жаңа цифрлық дәуірге қадам басқан тұста адами капитал дамудың аса маңызды факторына айналып отыр. Әрі бұл – Қазақстанның артықшылығы.

Балаларымыз талантты. Әлемде жоғары бәсекеге қабілетті екенін көрсетіп жүр. Бірер күн бұрын Ақордаға лайықты марапаттарын алу үшін халықаралық зияткерлік олимпиада жеңімпаздары арнайы келді. Осы оқу жылында дарынды балаларды қосымша ынталандыру шараларын қабылдауды тапсырдым. Олимпиададағы табыстарына ғана емес, ғылыми жобалар байқауындағы жеңістері үшін де ақшалай сыйақы беріледі.

Озық технологиялар мен жастардың зияткерлік әлеуеті үйлесім тауып, қазірдің өзінде елеулі экономикалық нәтиже беріп отыр. Жаңа стартаптар ашылып, алғашқы «сыңармүйіз стартаптар» пайда болды. Осы тәжірибені кеңейту үшін білім беруді басты орынға қоятын инновациялық экожүйе құру қажет. Сол себепті Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында саланы басқарудың платформалық үлгісіне көшу басталды. Білім беру базасын жаңғырту қолға алынды. Яғни бүкіл мемлекеттік сервис пен қызмет біріктіріледі. Мұғалімдер уақыт алатын шаруадан арылады. Әсіресе, соңғысы өте маңызды. Педагогтерді ығыр қылатын қағазбастылықтан, бітпейтін есептен, аттестациядан өту талабынан және басқа да пайдасыз тексерістерден босату керек. Мұғалімдерді жөндеу жұмыстарына, оқу процесіне тікелей қатысы жоқ түрлі қоғамдық іс-шараларға тартқаны туралы жаңалықтар ара-тұра шығып жатады. Бұл жөнінде әлдеқашан келіскенбіз. Бұған жол беруге болмайды.

Оқу-ағарту министрлігі мен әкімдіктер басқармалары, ең алдымен, құқықтық-нормативтік актілер мен саланы реттеу базасын жетілдірумен, оқу үдерісін тиімді ұйымдастырумен және білім беру бағдарламаларын мұқият саралаумен айналысуы қажет.

Жақында Үкімет жұртшылыққа нәтижелі жұмыстың қорытындысын жариялады. Мектеп оқулықтарынан 700-ден аса өрескел қате табылған. Мұның бәрі орта білімнің сапасына нұқсан келтіреді.

Әлгінде ғана тексерілмеген тарихи деректер мен оқиғалар сипатталатын, балаларға жалған «қаһармандар» мен олардың «ерлігі» жөнінде әңгімелейтін аңыздар енген оқу материалдарын қайта қарау қажет екенін

айттым. Жалған, ойдан құрас-тырылған мәліметтер тарату арқылы балаларды отаншылдыққа тәрбиелеу жақсылыққа апармайды. Бұл халқымыздың ар-ұжданына қайшы.

Ұдайы жапа шеккен ұлт кей-пінен арылуымыз керек. Бұл жөнінде үнемі айтып келемін. Біздің кейбір қаламгерлеріміз «мұң» деген сөзді жақсы көреді: «жүрегімде мұң, көзімде мұң!» Мұң-қайғы жастық шаққа, жастарға жараспайды. Жастарымыз өз халқының тарихын дұрыс түсіне отырып, болашаққа үмітпен және сеніммен қарауға тиіс. Еліміздің жастары оптимист болып, еңсере алмайтын қиындық жоқ екенін білуі қажет. Біз өз күш-қуатымызға сенетін, мықты ұлтқа айналуымыз керек. Мұң, қайғы, күйзеліс жастарымызға жат нәрсе болуға тиіс.

Биыл мамыр айында Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Алайда жаңа оқу жылының қарсаңында тапсырма тиісті деңгейде орындалмады. Бұл – үлкен кемшілік. Себебі неде? Бәрібір технология қарыштап дамыған заманда мұндайға жол беруге болмайды. Балалар мен педагогтердің жасанды интеллектіні жүйелі әрі дұрыс қолдану тәртібін белгілейтін пәрменді шараларды шұғыл қабылдау қажет. Жастар, әсіресе, ауыл

шешім жолдарын ұсынады деп ойлаймын. Конституциямызда жалпыға бірдей білім беру стандарты белгіленген. Мұны міндетті түрде ескеру керек.

Қыркүйекте Жасанды интеллект университеті ашылады. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Үкімет Қытайдың жаңа технологияларды меңгерудегі жетістігі мен тәжірибесін ескере отырып, Астанада Қазақстан-Қытай жасанды интеллект мектебін ашу мәселесін пысықтағаны жөн.

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

ТӨРТІНШІ мәселе. Бала-ларды қорғау және олардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау – аса маңызды міндет. Бұл – мемлекет саясатындағы негізгі басымдықтың бірі. ЮНИСЕФ Қазақстанның осы салада Орталық Азия елдеріне ғана емес, Еуропадағы бірқатар мемлекетке үлгі бола алатынын мәлімдеп отыр. Бұл халықаралық ұйымға ризашылығымды білдіремін.

Шын мәнінде, біз бұл бағытта көп жұмыс атқардық. 2024 жылдан бері «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында 7 миллионға жуық баланың есепшотына қаражат аударылды. 2024 жылы – 695,5 миллион доллар, 2025 жылы – 888,8 миллион доллар, 2026 жылы 901,7 миллион доллар

Қазіргі жағдай 2018 жылы қабылдаған «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» заңды қайта қарауды және елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді. Үкімет 16 жасқа толмаған пайдаланушыларға әлеуметтік желіде тіркелуге тыйым салатын заң жобасын әзірледі (биыл маусым айында Парламент қарауына ұсынылды). Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында депутаттарға осы мәселені қарастыруды ұсынамын. Көптеген озық елдер осы іспеттес шаралар қабылдады. Бізге де балалардың психологиялық жай-күйіне төнген қауіптің салдарымен күресуді доғарып, алдын алатын кез келді деп ойлаймын. Әйтпесе бұл қоғамның тұрақтылығына кері әсерін тигізеді.

Үкімет балаларды қорғау мақсатында мазмұнды (контент-ті) сүзгіден өткізу шараларын қабылдағаны жөн. Белгілі бір, мейлінше объективті себептерге байланысты жауапкершілікті ата-аналарға ғана артып қоя алмаймыз. Сондықтан балаларға арналған міндетті SIM-карталарды енгізу тәжірибесін жаппай таратуды тапсырамын. Бұл олардың ақпараттық имунитетін қамтамасыз ете алады.

Тағы бір мәселе. Фаст-фудтың агрессивті жарнамасы қаптап кетті. Тез ішіп-желінетін тағам

керек. Жастардың бойына отаншылдық, білімпаздық, еңбекқорлық құндылықтарын сіңіруіміз қажет. Әйтпесе, салынған мектептерден, білім саласындағы инновациялық шешімдерден еш нәтиже болмасы анық. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласы айрықша рөл атқаратыны баршаға мәлім. Мектептер сапалы біліммен қатар тағылымды тәрбиенің ошағы болуы керек. Балалар мектепке зор ынтамен баруы қажет. Олар мектепті білім алатын, құрдастарымен араласатын және өміріндегі ең тамаша жылдарды – балалық пен жастық шақтың шынайы ғажап кезеңдерін өткізетін өз үйіндеі қабылдауға тиіс. Қалай болғанда да, жағдай дәл солай болуы қажет.

Тағы бір өзекті мәселе. Біз жастардың құқықтық сауатын арттыруға баса мән беруіміз керек. Менің тапсырмам бойынша осы жылдан бастап мектептерде «Құқық негіздері» пәні оқытылатын болды. Бұдан бөлек, оқу бағдарламасына «Конституция негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстары енгізіледі. Негізгі мақсат: тек заңды сақтайтын, Конституцияны сыйлайтын жастар ғана жарқын келешекке, мол табысқа қол жеткізеді, түсінікті тілмен айтсақ, бақытты өмір сүреді. Ал заңға немқұрайлы қарайтын, заң ережелерін бұзып жүрген жастар қылмыстық жазасын алып, өз өміріне балта шабуға. Өкінішке қарай, бұл өте қарапайым ақиқатты көптеген жас азаматтар білмейді де, түсінбейді де. Біздің міндет – оларға өмірдің осы шындығын түсіндіріп айту.

Жалпы, оқулықтардың мазмұны заман талабына, сондай-ақ, жаңа Конституция идеяларына сай болғаны өте маңызды. Осы міндеттің сапалы әрі уақытылы орындалуына Үкімет пен тиісті министрлік тікелей жауапты. Сондай-ақ өскелең ұрпақты табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу қажет. Мен бұған дейін мектептер мен жоғары оқу орындарына экологиялық ағарту саласының бірыңғай стандарттарын енгізу қажеттігі жөнінде айттым. Үкімет бұл жұмысты жыл соңына дейін аяқтауға тиіс.

Сонымен қатар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қолданыс аясын кеңейте түсу керек. Қазір бұл бағдарлама, негізінен, орта білім саласында ғана жүзеге асырылып жатыр. Ұрпақ тәрбиесі – ел тағдырына тікелей әсер ететін аса маңызды міндет. Дегенмен осы мәселеге келгенде барлық жауапкершілікті тек мектептерге артып қою дұрыс емес. Біз тұтас қоғам болып, балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруымыз керек. Ең маңызды мақсат: Конституцияның негізгі қағидаттары ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі болуға тиіс. Жастарымыз Конституцияны жақсы білуі қажет. Сонда ғана қоғамымыз өркениетті, білімді, ұқыпты, ал еліміз өте дамыған әрі озық болатынына күмән жоқ.

Кітап оқу мәдениетін насихаттауға айрықша назар аударған жөн. Биыл тиісті Жарлыққа қол қойдым. Үкімет осы жұмысқа қоғам белсенділерін, шығармашылық пен ғылыми қауымдастық өкілдерін, журналистер мен кәсіпкерлерді көптеп тартқаны жөн. Балалардың ғылымға қызығушылығын оятпасақ, адам әлеуетін нығайту мүмкін емес. Бұл істе оқушыларға арналған ғылыми музейлер мен зерттеу орталықтары маңызды рөл атқаратынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Дәл осындай

алаңдар оқушыларға білімін іс жүзінде қолданып көруге, тәжірибе жүргізуге, ғалымдардың еңбегімен танысуға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Осы орайда Астанада, Алматыда және бірқатар облыс орталығында балаларға арналған Жаратылыстану музейін ашу орынды деп санаймын. Екі жыл ішінде Астана, Алма-ты, Қызылорда қалаларында Президенттік кітапханалар өз жұмысын бастайды. Мұндай кітапханаларды Шымкентте және басқа да облыс орталықтарында салу жоспарда бар. Демеушілер аталған бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін.

Конституциямызда көрсетілгендей, Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан білім беру мекемелерін көбірек салуға, білім беру жүйесін дамытуға және жетілдіруге ден қояйық. Өскелең ұрпақты өркениетті әрі жасампаз құндылықтар негізінде тәрбиелеу – ортақ парызымыз.

ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ – ЖАҚСЫ ҚАСИЕТ

Тағы да айтып кетейін. Қазақ – кез келген сын-қатерді еңсереуге дайын жұрт, келешегіне сеніммен қарап, алға қарай батыл қадам басатын нағыз жеңімпаз ұлт. Өткенге екпе артып, тарихтағы сәтсіздіктер үшін басқа халықтар мен мемлекеттерді айыптау – болмысымызға мүлдем жат дүние. Біз өскелең ұрпақты осындай кеселден, теріс түсініктен сақтауымыз керек. Бұл тұрғыдан алғанда, оқу-ағарту саласына зор жауапкершілік жүктеледі. Сондықтан ұстаздарымыз ең алдымен, ойы таза, ниеті түзу, жақсылыққа, жарқын болашаққа деген сенімі зор жігерлі азаматтарды тәрбиелеуге тиіс.

Отаншыл, білімпаз, жаңашыл, талапты, еңбекқор адамдар елдің көшін алға бастайды. Риза болатыным: мен осы қасиеттерді өскелең ұрпақтың бойынан анық көремін. Жастарымыз әрдайым жақсылыққа ұмтылады, еліміздің келешегіне зор сеніммен қарайды.

Нағыз отаншылдық дегеніміз – бұл жемісті, табанды еңбек. Әр саладағы еңбек маңызды, оның жаманы немесе ұлтқа зиян әкелетіні болмайды. Еңбек – бұл ең жоғары деңгейдегі қасиетті дүние. Ал мемлекеттің міндеті – осындай еңбекқор адамдарға лайықты құрмет көрсету, оларды марапаттау. Алысқа көз тігетін жасампаз ұлттың шынайы болмысы осындай болады.

Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу – бәріміздің ортақ міндетіміз. Біз озық ойлы ұлт қалыптастыру жолында бірлесе еңбек етуіміз керек. Халқымызда «Білім – таусылмас қазына» деген сөз бар. Сапалы білім мен нағыз ғылымға ұмтылсақ, біз барлық мақсатымызға қол жеткіземіз.

Білікті мұғалімдеріміз, дарынды жастарымыз, мызғымас бірлігіміз барда еліміз кез келген келесті бағындырады. Бұған еш күмәнім жоқ. Ұстаз – ұлттың шамшырағы.

Тамыз конференциясы аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім болашағы» көрмесін аралап көрді. Сондай-ақ Президенттің Жарлығымен білім берудегі аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстаз мемлекеттік наградалармен марапатталды.



жастары цифрлық құрылғыларды, мәселен, смартфонды тұрақты табыс табуға пайдалана білуі керек. Сіздерді құлаққағыс етейін, Жолдауда осы жөнінде нақты міндет қоямын.

Бізге цифрлық мемлекеттен цифрлық халық экономикасы деген түсінікке көшу қажет. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект пен оның мүмкіндіктері ермек емес, кіріс көзі болуға тиіс. Жоғары білім саласында жасанды интеллектіні пайдалануды этикалық, құқықтық және ұйымдастыру ерекшеліктерін ескеретін осыған стандарт бар. Үкімет дәл осындай стандартты орта және кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне де енгізуі қажет.

Жаңа формация мамандарын даярлауды орта білімнен бөліп қарауға болмайды. Төменнен жоғары қарай біртұтас жүйе болғаны жөн. Осы орайда, 18 жасқа толған жасөспірімдердің мектеп партасында отырғаны қаншалықты дұрыс деген орынды сауал туады. Әдетте Назарбаев зияткерлік мектептерінде және жекеменшік білім ошақтарында солай қалыптасқан. Қазіргі балалар физиологиялық тұрғыдан тез жетілетінін ескерсек, бұл қаншалықты ақылға қонымды? Министрлік осы мәселені қарастырып, қажет болса тиісті

болды. Бұл жұмыс еліміздің үлкен жетістігі екені сөзсіз. Көптеген мемлекет балаларға арналған осындай ауқымды қолдау саясатын жүргізе алмай отыр.

Жыл басынан бері «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы жүзеге асырыла бастады. Бұл құжатта өскелең ұрпақты қолдауға арналған шаралардың бәрі көрініс тапты. Барлық аймақта балалардың құқықтарын қорғау басқармалары, сондай-ақ, психологиялық қолдау орталықтары құрылды. Бұған қоса, инклюзивті білім беру жүйесі қарқынды дамып келеді. Бірақ шешімін таппаған түйткілдер де бар. Мәселен, ақпараттың шамадан тыс көбейіп кетуі қоғамға, соның ішінде жас ұрпаққа кері әсерін тигізе бастады. Мұндай ахуал азаматтардың жұмыс қабілетін төмендетеді. Бұл, әсіресе, болмыс-бітімі енді қалыптасып келе жатқан балалар үшін өте қауіпті.

Әлеуметтік желілер, цифрлық платформалар, жасанды интеллект пен агрессивті маркетинг балалар дүниетанымына отбасы мен мектептен кем әсер етпейді. Өскелең ұрпақтың психологиялық саулығы мен эмоциялық тұрақтылығы, адамгершілік тәрбиесі ұлттық қауіпсіздікке және елдің орнықты дамуына айнап ететін маңызды факторға айналды.

зиянды әдет қалыптастырады, денсаулық сақтау жүйесіне салмақ түсіреді, еліміздің еңбек күші әлеуетіне теріс әсер етеді. Дәрігерлердің бақылауында қант диабетіне шалдыққан 7 мыңға жуық бала бар. Олардың саны көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Көптеген ел құрамында май, қант және тұз мөлшері жоғары өнімдердің жарнамасына тыйым салады немесе шектеу қояды. Бұл – өте күрделі мәселе. Түрлі шетін тұстары, пікірталастарға негіз болған медициналық, тіпті саяси астары бар. Дегенмен Үкімет, ең алдымен, балаларымыздың саулығын ойлап, аталған проблеманың ұңғыл-шұңғылын мұқият зерделеуі керек.

ТӘРБИЕНІ ТӨРТІППЕН ҰШТАСТЫРУ КЕРЕК

БЕСІНШІ. Бала тәрбиесі мәселесіне баса мән беру қажет. Қоғамда заң мен тәртіпке, таза-лыққа, мәдениеттілікке негізделген жаңа этика қалыптастыру ісі дәл осы маңызды миссияны жүзеге асырудан басталады. Қазір елімізде 7 миллионға жуық бала бар. Жастармен қоса есептегенде, олардың үлесі халық санының жартысына жуықтайды.

Еліміздің келешегі жарқын болсын десек, ең алдымен, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуіміз



ӨКІЛДЕР ПАЛАТАСЫ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Өкілдер палатасының Бюджет және салық жөніндегі комитетінің төрағасы Джейсон Смитпен, сондай-ақ Конгресс мүшелері Грег Мерфимен, Кэрол Миллермен, Ронни Джексонмен, Уэсли Беллмен және Эдвард Кейспен кездесті.

Мемлекет басшысы меймандарға илтипат білдіріп, олардың бір палаталы Құрылтай сайлауымен тұспа-тұс өтіп жатқан сапарының символдық мәніне назар аударды.

Қазақстан Президентінің айтуынша, парламент сайлауы еліміздегі саяси жаңғырудың жаңа кезеңі басталғанын айшықтайтын тарихи уақиға болды. Бір палаталы Құрылтай заң шығару үдерісінің тиімділігі мен заңдардың сапасын арттырады.

Мемлекет басшысы парламенттік дипломатия жаңа органның қызметіндегі маңызды бағыт болатынын атап өтті.

– АҚШ Конгресі мен Құрылтай мүшелері арасындағы конструктивті әрі мазмұнды диалог өзара түсіністікті тереңдетіп, ортақ басымдықтарды ілгерілету және қазақ-америка серіктестігін нығайту тұрғысынан айрықша мәнге ие, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев америкалық делегацияға елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар, сондай-ақ әділетті, озық мемлекет құру-

ды көздейтін стратегиялық бағдарымызды іске асыру аясында басқару жүйесін жаңғыртудың басымдықтары жөнінде мәлімет берді. Сондай-ақ Президент Конгресс мүшелерін еліміздің жалпыхалықтық қолдауға ие болған жаңа Конституциясындағы негізгі аспектілермен таныстырды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы сан қырлы қазақ-америка серіктестігі сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастық, озық технологиялар, ғылым, білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастыққа баса мән бере отырып, қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды.

Мемлекет басшысы Президент Дональд Трапппен конструктивті әрі сенімді диалогтың арқасында екі елдің қарым-қатынасы бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерілгенін айтты. Көпжақты форматта да жемісті ынтымақтастық орнады. Мұның айқын дәлелі – Қазақстан Американың жаһандық және өңірлік тұрақтылықты нығайту бастамаларына, соның ішінде Бейбітшілік кеңесі мен Ибраһим келісімдеріне қолдау білдірді. Бұл

ретте Президент Қазақстан мен АҚШ ядролық қауіпсіздікті нығайту және жаппай қырып-жою қаруын таратпау ісінде де маңызды рөл атқаратынына назар аударды.

Өз кезегінде америкалық делегацияны бастап келген конгрессмен Джейсон Смит арнайы қабылдағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, АҚШ Президентінің сәлемін жеткізді.

«Бүгін түнгі екіде маған Президент Дональд Трамп қоңырау шалды. Мен оған бірнеше сағаттан соң Сізбен кездесетінімді айттым. Ол Сізге ізгі тілегін жолдап, араларыңызда қалыптасқан сенімді әрі конструктивті қарым-қатынасқа ризашылығын білдірді. Сонымен қатар Президент Сізді G20 саммитіне қатысу үшін Майамиде күтетінін айтты. Біздің сапарымыздың бір мақсаты – Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстарды одан әрі кеңейту мүмкіндіктерін зерделеу. Біз екіжақты ынтымақтастықты нығайту жолында мазмұнды диалог өрбітуге бейіміз. Президентіміз бұған айрықша маңыз артып отыр» деді Джейсон Смит.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Майамиге жоспарланған алдағы сапары Қазақстан мен АҚШ арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікке тың серпін беретініне сенім білдірді.

БЕЙНЕКАМЕРАМЕН БАҚЫЛАЙДЫ

Елорданың білім беру ұйымдарындағы 12 мыңнан астам бейнекамера Жедел басқару орталығына қосылды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және білім беру ұйымдарындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында бейнебақылау жүйесін жетілдіру жұмысы жүргізілуде.

Астана қаласы полиция департаменті Білім басқармасымен бірлесіп, білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау камераларын Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына шығару жобасын жүзеге асыруда.

Қазіргі таңда қаладағы 224 білім беру ұйымынан бейнебақылау камералары мен дабыл түймелері Жедел басқару орталығына қосылған. Олардың қатарында балабақшалар,

мектептер, колледждер және жоғары оқу орындары бар. Жалпы жүйеге 12 мыңнан астам бейнекамера шығарылған. Бұл білім беру ұйымдарындағы жағдайды тұрақты бақылауға, ықтимал құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтауға және оқиға болған жағдайда полиция қызметкерлерінің жедел әрекет етуіне мүмкіндік береді. Ал білім беру ұйымдарында орнатылған дабыл түймелері төтенше жағдай туындаған кезде полицияға

шұғыл хабар беруге мүмкіндік береді. Жалпы жыл басынан бері бейнебақылау камераларының көмегімен білім беру ұйымдарында 100-ден астам құқық бұзушылық анықталған. Негізгі анықталған фактілер қатарында төбелес, шылым шегу және ішімдік ішу жағдайлары бар. Полиция білім беру ұйымдарымен бірлесіп, оқушылар мен педагогтер үшін қауіпсіз ортаны қалыптастыру бағытындағы жұмысты одан әрі жалғастырады.

АСТАНАЛЫҚ ОҚУШЫ – ҮЗДІК БЕСТІКТЕ

Ташкент қаласында 92 елден 375 оқушы қатысқан информатикадан халықаралық IOI 2026 олимпиадасы аяқталды.

Қазақстан құрамасының төрт мүшесі де жүлде иеленді. Ұлттық құрама 1 алтын және 3 күміс медаль жеңіп алып, әлемдік командалық есепте 10-орынға ие болды. Бұл – Қазақстан құрамасының олимпиада тарихындағы үздік нәтижелерінің бірі. Астана қаласындағы «Spectrum» халықаралық мектебінің 12-сынып оқушысы Максим Цой алтын медаль жеңіп алып, әлемдік жеке есепте 5-орын иеленді. Осылайша ол әлемдегі үздік бес жас бағдарламашының қатарына енді.

Күміс медаль иегерлері: Алдияр Сейтбай – Астана қаласындағы дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» мамандандырылған лицей-интернатының 11-сынып оқушысы. Мансур Мамадахунов – Қызылорда облысындағы дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» мамандандырылған лицей-интернатының 11-сынып оқушысы. Асқар Әкежан – Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы NIS-тің 12-сынып оқушысы. Қазақстан құрама жетекшілері: Сатыл-

ханов Темірлан – Astana IT University бас жаттықтырушысы. Қуанышбай Айбар – International University of Information Technology синьор-лекторы.

2025 жылы қазақстандық оқушылар 3 күміс және 1 қола медаль жеңіп алып, әлемдік командалық есепте 14-орын иеленген болатын. Биыл ұлттық құрама өз нәтижесін төрт сатыға жақсартты. Қазақстандық оқушылар информатикадан халықаралық олимпиадаға қатысқан жылдар ішінде барлығы 79 медаль жеңіп алды.

АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙЕДІ

Бас қалада биіктігі 28 метрден асатын немесе 10 және одан да көп қабатты 1138 көппәтерлі тұрғын үй бар. Мұндай үйлерде өрттің алдын алу және өрт қауіпсіздігі деңгейін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Ғабит Бабаев мәлімдеді.



Өрттің алдын алу және өрт қауіпсіздігін күшейту мақсатында Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті жүйелі профилактика жұмысын жүргізіп келеді. Жыл басынан бері алдын алу іс-шаралары барысында 141 көппәтерлі тұрғын үй кешені қамтылды.

Оның айтуынша, жиі кездесетін заң бұзушылықтардың қатарында эвакуациялау жолдарының жабық болуы, өрттен қорғау жүйелерінің ақаулы немесе талапқа сай күтілмеуі, бастапқы өрт сөндіру құралдарының болмауы не жарамсыз күйде болуы, сондай-ақ өрт сөндіру техникасының ғимаратқа кіруіне кедергі келтіретін көліктердің кіреберістерге қойылуы бар. Көппәтерлі тұрғын үйлердің аулаларына арнайы техниканың кедергісіз кіруіне де ерекше көңіл бөлінеді. Жергілікті атқарушы органдар мен полиция қызметкерлері прокуратура органдарының үйлестіруімен рейдтер өткізіп, төтенше жағдайлар қызметінің жұмысына кедергі келтіретін заңсыз бөгеттерді

анықтап, жоюда. Рейдтер барысында заңсыз орнатылған бетон блоктар, бағаналар, шынжырлар және басқа да қоршаулар, сондай-ақ талапқа сай қойылмаған әрі өрт сөндіру техникасының өтуіне кедергі келтіретін автокөліктер анықталады.

– Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарды аулаларға өз бетінше қоршау орнатпауға және өрт сөндіру техникасының кіріп-шығуына кедергі келтіретіндей етіп көлік қоймауға шақырады. Өрт болған жағдайда, әр минуттың маңызы зор. Көлік немесе қоршау бөгеп тұрған бірнеше метрдің өзі өрт сөндіру-құтқару бөлімшелерінің жұмысына айтарлықтай кедергі келтіруі мүмкін. Көппәтерлі тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі деңгейін арттыру жұмысы жалғасып жатыр. Басты міндет – заң бұзушылықтарды анықтап қана қоймай, олардың нақты жойылуын қамтамасыз ету және адамдардың қаза болуы мен жарақат алуына әкелуі мүмкін жағдайларға жол бермеу, – деп қорытындылады спикер.

ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАР ЖЕТКІЗІЛДІ

2026-2027 оқу жылына дайындық аясында елорда мектептерін жаңа оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жұмысы жүргізілуде.



Жаңа оқу жылында Астана қаласының оқушыларын қажетті оқу әдебиетімен толық қамтамасыз ету мақсатында 14 баспадан 1 млн 200 мыңнан астам дана оқулық пен оқу-әдістемелік кешен сатып алынды. Бүгінде сатып алынған барлық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер қалаға толық жеткізілді. Енді оларды елорда мектептеріне тарату жұмысы жүргізіліп жатыр. Ол бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылып,

жаңа оқу жылы басталғанға дейін барлық білім алушыны қажетті оқулықтармен қамтамасыз етуге басымдық берілуде. 31 тамызға дейін Астана қаласындағы барлық оқушыны оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл оқушылардың оқу процесін қажетті оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіп, жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛДЫ

Астана күн сайын жаңарып, ажарланып келеді. Қала аумағын кешенді көгалдандыру жұмысы жалғасуда. Бас қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, бүгінде елордада шамамен 4,7 миллион жасыл желек өсіп тұр. Ал «Жасыл белдеу» аумағында тағы 14 миллионға жуық өсімдік жайқалып өсіп келеді.



Мемлекет басшысының Астананы қала-баққа айналдыру және елорданы ауқымды көгалдандыру жөніндегі тапсырмасы аясында қалада қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру мен көгалдандыру бойынша жүйелі жұмыс жалғасуда. Жыл сайын бас шаһарда шамамен 1 миллион жаңа жасыл желек отырғызылады. Оның ішінде 70 мыңға жуығы – ағаш. Қала жағдайына және жергілікті климат ерекшелігіне төзімді ірі ағаштар мен көпжылдық бұталарды отырғызуға ерекше мән беріледі.

Тұрғындар мен қала қонақтары үшін заманауи, жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған ауқымды жұмыс жалғасып жатыр. Биыл елорданың барлық 6 ауданында 173 нысанды абаттандыру жоспарланған. Олардың қатарында саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар, аулалар, жағалаулар мен жаяу жүргіншілер аймақтары бар. Нысандардың басым бөлігі қазірдің өзінде қала тұрғындарының игілігіне берілді. Жобаларды іске асыру барысында көгалдандыруға, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамытуға, отбасымен демалуға және спортпен шұғылдануға арналған орындар ашуға ерекше мән беріліп отыр.

«Мыңжылдық» аллеясын абаттандыру жұмысы жалғасып жатыр. Жаңарған кеңістіктің жаңа нысандарының бірі – жеңіл тұман әсерін тудыратын ерекше «Шоқжұлдыз» субұрқағы. Қазір ол сынақ режимінде іске қосылды. Мамандар нысанның инженерлік жүйелері мен жұмыс режимдерінің барлығын тексеріп, ретке келтіріп жатыр. «Шоқжұлдыз» субұрқағын толық іске қосу тамыз айының соңына дейін жоспарланған. Аллеядағы жұмыс бірден екі аумақта жүргізіліп жатыр. Оның бірі – Қ.Қуанышбаев атындағы драма театрының жанындағы гүлзар, екіншісі – «Нұрлы жол» вокзалы маңындағы саябақ орналасқан аумақ. Қазір театрдың артында шамамен 1,4 гектар жерді алып жатқан жаңа қоғамдық кеңістік құрылып жатыр. Мұнда серуендеуге арналған аймақ, велосипед және жүгіру жолдары, балалар алаңы, демалыс орындары мен қосымша жасыл желек аймақтары пайда болады.

Бүгінде көгалдандыруға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Аумаққа ағаштар мен бұталар, көпжылдық гүлдер мен сәндік шөптер отырғызылып, көгалдандырылады. Аллея бойына ұсақ жапырақты жөке ағаштары отырғызылады. Театр жақтағы кіреберіс аумақты текше пішіндес жөке ағаштары безендіреді. Қала тұрғындарына жақсы та-

ныс базар мен «Астаналық» («Артем») сауда үйі маңында да елеулі өзгерістер болды. Бұл – елордадағы адам көп жүретін орындардың бірі. Осыдан бірнеше жыл бұрын мұндағы аумақтың келбеті басқа еді. Ескі құрылыс нысандары сүрең тартып, көгалы аздау, жаяу жүргіншілерге қолайлы кеңістік қарастырылмаған-тын.

Елордадағы көгалдандыру жұмысының көркін келтірген өсімдіктердің бірі – шашақты гортензия. Көпжылдық сәндік бұта ұзақ уақыт гүлдеп, ірі гүлшоғырларымен ерекшеленеді. Оның гүлдерінің реңі маусым бойы біртіндеп өзгеріп отырады. Мамандардың мәлімдеуінше, шашақты гортензия қысқы суыққа төзімді. Суық ауа райына шыдамды бұл өсімдік дұрыс күтім жасалған жағдайда, қалалық ортаға да жақсы бейімделеді. Астананың қысы қатты аязымен, боранымен, ауа райының күрт ауытқуымен және өсімдіктердің өсу кезеңінің қысқалығымен ерекшеленеді. Соған қарамастан, климатқа бейім өсімдіктерді дұрыс таңдау арқылы жасыл желекті тұрақты әрі алуан түрлі етуге мүмкіндік бар. Гүлге оранған гортензиялар елорданың жасыл қорын арттыруға бағытталған ауқымды жұмыстың бір бөлігіне айналып, қоғамдық кеңістікке көрік беріп, қала келбетіне өзіндік сән қосып тұр.

ЕЛОРДАДАҒЫ ЕҢСЕЛІ ІСТЕР

Елордада «Таза Қазақстан» жобасын жүзеге асырудың жоспары бекітілген, ол үш бағыт бойынша 43 іс-шараны қамтиды. Атап өтсек, экологиялық ойлау және мінез-құлық, экологиялық білім беру, ағарту және ақпараттық қолдау. Астанада 2025 жылдың қорытындысы бойынша акция аясында 800-ден астам іс-шара өтті, оған 640 мың қала тұрғыны қатысты, бұл – елорда халқының үштен біріне жуығы. Барлығы 120 мың тоннадан астам қалдық шығарылды.

Райхан
РАХМЕТОВА

Биыл 1,1 млн жасыл желек отырғызу жоспарлануда, оның ішінде ағаштар – 38,1 мың, бұталар – 471,4 мың, көпжылдық гүлдер мен сәндік бұталар – 461 мың, құрылыс салушылардың отырғызатын көшеттері – 200 мың түп. Бүгінде елордада 4,1 млн жасыл желек өседі, ал орман-саябақ аймағында, яғни «Жасыл белдеуде» 14,6 млн жасыл желек бар. Соңғы үш жылда үлкен ағаштар мен көпжылдық бұталарды отырғызуға басты назар аударылуда.

Осы жылы 11 сәуір мен 16 мамыр аралығында қалада көктемгі экологиялық айлық өтті, соның шеңберінде аумақтарды тазарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Акция аясында «Мөлдір

бұлақ» (су объектілерінің жағалауын тазарту), «Таза қала» (қоғамдық орындарды жинау), «Таза ауыл» (аула аумақтарын тазалау) және «Жасыл болашақ» (жасыл желектерді отырғызу) тақырыптық апталықтары өтті. Бүгінгі таңда іс-шараларға 300 мыңнан астам азамат және 9,8 мың кәсіпорын мен ұйым қатысты, 4 мың арнайы техника жұмылдырылды, 6400 аула аумағы тазартылды және 1 мың тонна қалдық шығарылды, 360 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды. Осы жұмыстарға қала тұрғындарын көптеп тартуға ерекше көңіл бөлінді. Экологиялық акцияларға жастар, оқушылар, еңбек ұжымдары, бизнес және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысады. «Таза Қазақстан» чат-ботының жұмысы бойынша айтар болсақ, чат-бот ашылған 2024 жылғы 1 маусымнан бастап оның

рейтингі 4,3 балды құрайды. Осы аралықта чат-ботқа 5400 өтінім келіп түсті, олардың 4857-сі (89%) бойынша мәселе шешілді, 506 өтініш қайтарылды, қазіргі таңда 34 өтініш бойынша мәселе шешімін табуда. Былтыр бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде 80-нен астам бейнеролик, 800 ақпараттық материалдар жарияланды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қала тазалығы әр адамның жеке жауапкершілігінен басталатынын тағы бір мәрте көрсетті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, еріктілердің, жастардың және коммуналдық қызметтердің бірлескен еңбегінің арқасында елорда күн сайын көркейіп, жасыл желегі көбейіп, тұрғындар үшін жайлы қалаға айналып келеді.

Жалпы республикалық бағдарлама басталғалы бері ел бойынша 1477



экологиялық іс-шара ұйымдастырылып, 2 млн тоннадан астам қалдық шығарылды, 2,8 млн гектар аумақ тазартылды және 5,5 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Жыл сайын

бұл бастамаларға шамамен 5,5-6,5 млн адам қатысады. Бұл көрсеткіштер халықтың экологиялық мәдениеті біртіндеп қалыптасып келе жатқанын аңғартады.



Астана қаласының жеңіл өнеркәсібін дамыту – экономиканы әртараптандырудың маңызды бағыты. Бұл сала ең алдымен жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің дамуына серпін береді. Сонымен қатар отандық өнім көлемі артып, импортқа тәуелділік азаяды. Әсіресе киім-кешек, тоқыма, тұрмыс тауарларының өндірісі дамыса, ішкі нарықтағы сұранысты жергілікті кәсіпорындар қамтамасыз ете алады

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ЖОЛЫ ЖЕҢІЛ МЕ?

Қазіргі таңда еліміздегі жеңіл өнеркәсіп нарығын Қытай, Қырғызстан, жалпы Орта Азиядан келген өнімдер толықтырып тұрғаны жасырын емес. Ашық деректерге зер салсақ, елдегі отандық жеңіл өнеркәсіптің үлесі 30-40 пайыз шамасында. Бұл елдегі үлесі 3/2 импортқа тәуелді дегенді білдіреді. Ал бұған қажетті мақта-мата, бояу, жалпы шикізат көлемі жеткілікті екені айқын. Демек, қалайда жеңіл өнеркәсіпті дамытып, нарықта отандық өнім бәсін арттыру – парыз.

АСТАНАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Үкіметтің дерегінше, 2025 жылдың екінші жартысында Астана қаласының жалпы өңірлік өнімінің көлемі 6793,6 млрд теңгеге жетіпті. Соның ішінде өнеркәсіп 590,6 млрд теңгені (8,6%) құрайды. 2026 жылы көрсеткіш одан да жоғарылайды деген сенім бар. Қаладағы жеңіл өнеркәсіпті негізінен үш бағыт құрайды. Киім өндірісі әскери, арнаулы мекемелер, мектеп оқушыларының киім үлгілерін тігуге бейімделген. Тоқыма өндірісіне төсек-орын тоқымасы, үй жабдықтары, дайын матадан әртүрлі өнім шығару қарқын алған. Былғары және аяқ киім бағыты бойынша әлі де дамыта түсетін тетіктер бар. Бұл бағыт негізінен шағын цехтар мен тапсырыспен жұмыс істейтін орталықтар деңгейінде дамуда. Қаржы сарапшысы Бексұлтан Ысқақов Астананы жеңіл өнеркәсіпке сұранып тұрған шаһар деп есептейді.

– Астана қаласының жеңіл өнеркәсібін дамыту – эконо-

Елде жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бағытталған бірқатар шара қолға алынды. Экономиканы әртараптандыру, табыс көзін арттыру – қашанда маңызды меже. Үкімет жеңіл өнеркәсіпті дамытуға күш сала бастады. Кейінгі кездері Үкімет төрағасы да бұл саладағы түрлі кедергі мен қысымды алып тастап, өндіріске дем беріп, инвестиция тартып, саланы дамытудың жай-жапсарын пысықтап келеді. Жақында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте елдегі Жеңіл өнеркәсіпті дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарын қарады. Дәлірек айтқанда, салаға жауапты «Атамекен» ҰКП, «Даму» қоры мен отандық кәсіпорындар өкілдерімен жеңіл өнеркәсіптің жайы пысықталды. Бұл – қуантарлық жағдай.



миканы әртараптандырудың маңызды бағыты. Бұл сала ең алдымен жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің дамуына серпін береді. Сонымен қатар отандық

өнім көлемі артып, импортқа тәуелділік азаяды. Әсіресе киім-кешек, тоқыма, тұрмыс тауарларының өндірісі дамыса, ішкі нарықтағы сұранысты жергілікті кәсіпорындар қамта-

масыз ете алады. Жалпы жеңіл өнеркәсіп – қала экономикасының тұрақты өсуіне және халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін маңызды сектор, – деп санайды қаржыгер.

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Еліміз өңдеу өнеркәсібін ден қоя бастады. ӨҚМ дерегінше, 2025 жылдың қорытындысында саладағы өндіріс көлемі 260 млрд теңгеге жеткен. Осы жылдың басынан бері өнеркәсіптегі өңдеуші сектордың өсуі 9,9%-ды құраған. Бұл ретте жеңіл өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,2 есеге ұлғайған. Әйткенмен импортқа тәуелділік түбегейлі шешілді деуге әлі ерте. Meta University бизнес мектебінің директоры Мақсат Халық та, өңдеу өнеркәсібінің берері мол, ең бастысы жүйелі жұмыстар қажет деп санайды.

– Қазақстан экономикасын көтереміз десек, ол үшін қосымша өндіріс ошақтары, зауыт, фабрикалар салынуы қажет. Өңдеуші өнеркәсіпке қарай бет бұрайық. Өзімізде мақта, астық дақылдары жеткілікті. Ең бастысы, текстиль өндірісі, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу қолға алынса екен. Ең негізгісі, жаңа өндіріс ошақтары ашылып, тауар өндірісі дұрыс жолға қойылса ғана инфляция төмендейді. Жеңіл өнеркәсіп дамиды. Экономика әртараптанады. Жаңа жұмыс орындары ашылады. Егер нарықта отандық өнімнің бәсі артса, ел қазынасы толығымен өсіп, – деп санайды экономист.

ҚАЗАҚТЫҢ БЕЙІМІНЕ ЖАҚЫН

Қазақ халқы ықылым заманнан төрт түлікті кәсіп етіп, оны

шаруашылықтың қолайлы көзі етіп алғаны белгілі. XIX ғасырда қазақ жеріне саяхаттаған Еуропа саяхатшылары әрі зерттеушілері Томсон, Радлов қазақтың тұрмыс-салтында төрт түліктің орны, киім тігу, қолөнер шеберлігі, тұрмысқа қажетті бұйымдар жасау сияқты деректер жазып қалдырған. Демек, бабаларымыз жеңіл өнеркәсіпті ерте кезеңнен игергені байқалады. Қазақтың құрақ көрпесін Гиннесстің рекордтар кітабына енгізуге үлес қосқан қолөнер шебері Жазира Сейітжанова да қолдау артса, сала өркендейтініне сенеді.

– Егер мемлекет тарапынан арнайы гранттар, бизнес-жобаларға қолөнер саласы да бөлінсе құба-құп болар еді. Балкім, субсидия қарастырылып, арнаулы техникалық база, құрал-жабдықтар қамтамасыз етілсе, қазақтың қолөнері дамиды. Сонда Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай өнімдеріне тәуелді болмаймыз. Осылайша қазақтың ежелден қалыптасқан қолөнер саласын жаңартып, осы заманға лайықтап, түрлі бұйым жасауға жол ашылады, – деп түйеді қолөнер шебері.

Төкетері, өзімізде жеңіл өнеркәсіп дамыса, Қытай, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінен келетін өнімдерге тәуелді болмайтынымыз анық. Сонымен бірге қосымша жұмыс орындары ашылып, ел бюджеті еселенеді.

ЕЛОРДАДА ЭЛЕКТРОСАМОКАТПЕН ЕРКІН ЖҮР...

Астана қаласының Полиция департаменті электросамокат қолданушыларына заңнамадағы жаңа талаптарды түсіндіруге бағытталған профилактикалық акция ұйымдастырды. Іс-шара жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға және жеке мобильділік құралдарын жауапкершілікпен пайдалану мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Жол қозғалысына қатысушыларға электросамокаттарды пайдалану ережелеріндегі өзгерістер түсіндіріліп, олардың сұрақтарына жауап берілді және жол қозғалысы ережелерін сақтау қажеттігі ескерілді.

Негізгі назар 2026 жылғы 25 тамыздан бастап күшіне енген талаптарға аударылды. Атап айтқанда, электросамокаттардың тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарымен жүруіне тыйым салынады. Пайдаланушылар велосипед жолдары мен веложолдармен жүруі тиіс. Олар болмаған жағдайда, жол қозғалысы ережелерінде көзделген жағдайларда жүріс бөлігінің оң жақ шетімен немесе жол жиегімен жүру қажет.

«Электросамокаттар әлдеқашан жол қозғалысының толыққанды қатысушыларына айналды. Алайда пайдаланушылардың белгіленген талаптарды сақтамауы жеке мобильділік құралдарын жүргізушілердің өздеріне де, жол қозғалысының басқа қатысушыларына да қауіп төндіреді» деді Астана қаласы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Уваев.

Жол қозғалысы ережелеріне енгізілген өзгерістер қауіпсіздікті арттыруға және жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға бағытталған.

Жүріс бөлігімен қозғалған кезде электросамокат жүр-

гізушісі 18 жасқа толған, кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі болуы және қорғаныс шлемін пайдалануы тиіс. Қараңғы уақытта жарық шағын-ағын элементтерді де қолдану қажет.

Астана қаласы прокуратурасының қызметкерлері электросамокат пайдаланушылар арасында жиі кездесетін құқық бұзушылықтардың қатарында жүргізуші куәлігінсіз жүріс бөлігіне шығу, жылдамдықты асыру, сондай-ақ қиылыстардан өту талаптарын сақтамау бар екенін атап өтті.

«Бүгінде самокат жүргізушілері көбіне ереже бұзады. Куәлігі жоқ азаматтардың жолдың жекелеген учаскелерінде самокат жүргізу фактілері әлі

де кездеседі. Бұдан бөлек, тротуарларда жылдамдықты жиі асырады, бұл жол-көлік оқиғалары болу қаупін арттырады» деді Астана қаласы прокуратурасының прокуроры Ақжол Сәтідда.



АМАНДАСУ – ӘДЕПТІҢ АЙНАСЫ



«Жастардың, егде адамдардың жүріс-тұрысына қарап, байырғы дәстүрлі құндылықтарымызға оралу қажет деген шешімге келдім» деп ұлттық құндылықтың ұлттық болмысты сақтаудың темірқазығы екенін айрықша атаған Президент сәлемдесу мәселесін тек амандасу әдебіне қатысты емес, жалпыұлттық мәдениет пен қоғамдық тәртіптің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек екенін жеткізді. Оның пікірінше, күнделікті жүріс-тұрысымыздан бастап, айналамыздың тазалығына дейінгі қарапайым мәдениет ұлттық болмысымыздың көркем көрінісі болуы тиіс. Президент ер адамдардың бір-бірімен құшақтасып, сүйісіп амандасуын, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің сәлемдесу кезінде бір-бірінің бетінен сүйюін қазақтың дәстүрлі әдетіне жат деп атап өтті.

Әр ұлттың, әр халықтың өзіне тән амандасу тәртібі, сәлемдесу әдебі бар десек, «Сәлем – сөздің анасы» деп билген қазақ халқы да амандасуға ерекше мән беріп, оны үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің, сыйластық пен татулықтың бастауы, адами қасиеттің басты белгісі деп билген.

Қазақ халқының амандасу дәстүрі адамның жасына, мәртебесіне, туыстық жақындығына және қоғамдық ортадағы орнына қарай қалыптасқан. Кездескен адамның хал-жағдайын сұрап, амандығын білу – ізеттіліктің белгісі саналған. Әсіресе, жасы кіші адамның үлкенге бірінші болып сәлем беруі міндет әрі тәрбиенің көрінісі болған. Демек, көрген жерден бас салып құшақтамай-ақ, «Армысыз?», «Ассалаумағалейкүм», «Аман-сыз ба?», «Мал-жаныңыз аман ба?» деген дәстүрлі сәлемдесу сөздерінің әрқайсысының астарында үлкенді сыйлау, ел-жұрттың тыныштығын тілеу секілді терең мағына жатыр.

Әйелдері сәлем немесе «Есенсіз бе?», «Сәлем бердік» деп сызылып аса ізеттілік танытып амандасса, «Өркенің өссін», «Бақытты бол, айналайын» деген сияқты алқау сөзден бастап есендік сұрасқан қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан бұл сәлемдесу салты Кеңес Одағының «дәуірлеген» кезінде сабындай бұзылды. Көрген жерден ер демей, әйел демей ернінен кенеше жабысып сүйісіп амандасу тұтас Одақта үлкен үрдіске айналды. Кеңес Одағының сол кездегі басшысы Леонид Брежневтің «социалистік

Жақында ғана өткен құрылтай сайлауы кезінде Мемлекет басшысы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифингте қазіргі қоғамдағы қалыптасқан амандасу мәдениетіне назар аударды.

бауырластық сүйісінен» (1979 жылы Германия Демократиялық Республикасының 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шарада Брежнев пен Эрих Хонеккер өте жақын тату екенін дәлелдеу үшін аузынан сүйіп амандасқанын француз фотографы Режи Боссю түсірсе, 1990 жылы суретші Дмитрий Врубель осы фотосуретті негізге алып, Берлин қабырғасына «Құдайым, осы ажал құштырған махаббаттан аман қалуыма көмектес» атты әйгілі граффитін салды) бастау алған бұл жағымсыз әдет кейін қарапайым халық арасына да арам шөптей қаулады да кетті. Атасымен құшақтасып амандаспақ түгілі, бетіне түзу қарамаған қазақтың ибалы келіндері сол кезден бастап атасына бетінен сүйгізіп (үлкен ақсақалдардың батасын беріп маңдайынан иіскеудің жөні бөлек) амандасатын, той-томалақта белінен ұстатып бұрала биге басатын бейбастыққа дейін барды. Кеңес Одағы күйреп, егемен ел болғанымызға 40 жылға таяса да социалистік тәрбиемен сүйекке сіңген осы бір жағымсыз амандасу тәртібі әлі күнге дейін қоғамымызда кездесіп қалады. Әсіресе, ер адамдардың бір-бірін құшақтап, бетінен сүйіп амандасуы қалыпты құбылысқа айналып бара жатқаны байқалады. Мұндай әдеттің сырттан енгенін ескерсек, оның ұлттық салт-дәстүрмен қаншалықты үйлесетінін қайта таразылайтын уақыт жеткен сияқты.

Оның үстіне, бұл дәстүр Түркия, Қытай сияқты «социалистік сүйісті» үйренбеген елдерде жоқ. Ер адамдар Ассалаумағалайкүм деп қолын кеудесіне қойып сәлем берсе, әйелдерге амансыз ба деп сәлемдесу жеткілікті. Ер мен әйелдің қол алысып амандасуының өзі бертінде белең алды. 1998 жылы Қазақстаннан туысқандарымыз Қытайға сапарлай барғанда ағаларымыздың келіндердің бетінен сүйіп амандасқанын көріп, кәрі әжелеріміз ұяттан беті қызарып теріс айналғанын мен де өз көзіммен көріп едім. «Қарағам, қырық жыл қырғын болса да ата салтынды ұмытпа, деген атаң қазақтың баласымыз. Бұл жақта келіндердің бетінен

сүйіп амандасу деген тұрпайы әдет жоқ» деп апаларым қатаң ескерту жасап еді.

Заман өзгеруіне, қоғамның дамуына ілесе, адамдардың қарым-қатынас формасы да жаңарады. Өзге халықтардың мәдениетімен араласа, жаһандану жағдайында түрлі әдеттердің қатар өмір сүруі – заңды құбылыс. Алайда жаңаруды ұлттық ерекшеліктен ажыратып қарауға болмайды. Өзге мәдениеттен келген әрбір әдетті ойланбастан қабылдау ұлттық болмысты біртіндеп көмескілендіріп, біреудің жасығы ұлтыңның асылына айналып шыға келуі әбден мүмкін. Сондықтан Президенттің амандасу мәдениетіне қатысты пікірі – бір ғана сәлемдесу тәсілін сынау емес, қоғамдағы күнделікті мәдениетке назар аударуға шақырған ой деп қабылдаған жөн. Ұлттық құндылық үлкен ұрандардан ғана тұрмайды. Ол үлкенге

жауаптылар есеп беріп, ақпарат құралдары жаппай жаза бастайды. Тіпті күнделікті өмірдегі қарапайым әдеттерді өзгертудің өзі жоғарыдан белгі берілмесе, оңай жүзеге аса қоймайтынына етіміз де үйреніп кетті.

2020 жылы бүкіл әлемді індет жайлап, жұрт бір-біріне жақындасудан қорыққан кезде құшақтасып, бетінен сүйіп амандасу дұрыс па, қол алысып амандасу міндетті ме деген мәселе де көтерілгені жұрттың есінде болар. Демек, қазақтың амандасу әдебінде мәдениеттілікпен қатар, үлкен тазалық жатыр. Бұл да ескеретін түйін. Мәселен, той-томалақта қолын жуып дастарқан басына жайғасқан кісілерге соңынан келгендер жағалай қол беріп амандасып алады да, «қолымды жуып» келейін деп дастарқан басынан қайта тұрып жатады. Бір қарағанда, бұл – қарапайым ғана әдет сияқты. Алайда

ПРЕЗИДЕНТТІҢ АМАНДАСУ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ПІКІРІ – БІР ҒАНА СӘЛЕМДЕСУ ТӘСІЛІН СЫНАУ ЕМЕС, ҚОҒАМДАҒЫ КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТКЕ НАЗАР АУДАРУҒА ШАҚЫРҒАН ОЙ ДЕП ҚАБЫЛДАҒАН ЖӨН. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҮЛКЕН ҰРАНДАРДАН ҒАНА ТҰРМАЙДЫ. ОЛ ҮЛКЕНГЕ ҚАЛАЙ СӘЛЕМ БЕРГЕНІМІЗ, КІСІГЕ ҚАЛАЙ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТКЕНІМІЗ, ҚОҒАМДЫҚ ОРТАДА ӨЗІМІЗДІ ҚАЛАЙ ҰСТАҒАНЫМЫЗ СИЯҚТЫ КІШКЕНТАЙ ӘДЕТТЕРДЕН БАСТАЛАДЫ

қалай сәлем бергеніміз, кісіге қалай құрмет көрсеткеніміз, қоғамдық ортада өзімізді қалай ұстағанымыз сияқты кішкентай әдеттерден басталады.

Президенттің назары қоғамдағы үлкен өзгерістердің кейде дәл осындай қарапайым дүниелерден басталатынын көрсетеді. Өйткені бізде Президенттің сөзіне, пәрменіне ерекше мән берілетіні жасырын емес. Мемлекет басшысы айтпайынша, талай мәселе қоғам талқысына түспей, тиісті деңгейде қолға алынбай қалады. Президент бір мәселені көтерсе ғана мемлекеттік мекемелер қозғалып,

оның астарында тазалықты сақтау, астан бұрын қол жуу, өзгенің қолына тиген қолмен дастарқанға қайта отырарда сақтық таныту секілді қарапайым гигиеналық мәдениет жатыр. Бәлкім, Президенттің осы мәселеге назар аударуының бір мәні де осында шығар. Дәстүрді сақтай отырып, оның мазмұнын заман талабына сай қайта пайымдау – ескіні жоққа шығару емес, керісінше, жақсы әдеттің өміршеңдігін қамтамасыз ету. Адамға деген құрмет кейде қол беруден, құшақтасудан емес, жылы жүзбен бас изегеннен де аңғарылады.

Әсілінде адам баласы дүние есігін айқара ашқан шақта ата-анасы азан шақырып, атын қояды. Өз салтынан бір сүйем алыстамаған ағайын нәрестенің есімін әулеттегі немесе ауылдың сыйлы азаматына қойдырады. Ырымшыл елдің осы бір дәстүрі ғажап-ақ,

ЕСІМДЕ ДЕ МӘН БАР

**Асантемір
ҚАРШЫҒАҰЛЫ**

Азан шақырып қойылған атын алған сәбидің тағдыры да есімімен байланысты болады деген тәмсіл бар. Рас та шығар. Бір ғана мысал келтірсем, Ел-Игер Әділетұлы деген есім бар. Әулетінің үлкендері елді басқарсын деп ырымдаған екен, сол бала есейгенде елді басқарған, айналасын игерген. Ырымның қырын кетпеген тұсы – осы.

Астанада Атақозы Нұрланов ағамыз тұрады. Кейіпкеріміз «Қызмет» мемлекеттік, банк мекемелері және халыққа қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы төрағасының орынбасары, Астана қаласы филиалының төрағасы қызметін атқарады. Ол 1966 жылы 1-желтоқсанда Қарағанды облысында дүниеге келген. Әкесі Келден қарт шахтада жұмыс істеген. Атақозы Келденұлының есімі ерекше болғандықтан сауал жолдағанбыз.

– Әжеміз Тәтипа Бисекейқызы менің есімімді Атақозы деп қойған. Мұның мағынасы қозылардың атасы болсын деп ырымдаған. Тәтипа әжем 1905 жылы өмірге келген. Бисекей байдың қызы. Бүгінгі таңда бір әулетте алты ұл, бір қарындасым бар. Мен үйдің үлкенімін. Көбісі бұл есімді бірден есіне сақтай алмайды. Ерекшелігі сол. Тағы бір естігенім, Адайлардың ішінде Атақозы деген ру бар екен. Сосын Керейлерде Атақозы деген батыр болыпты. Мұны әріптесімнен естідім. Есімімнің соңына түсіп зерттеп көрген емеспін. Алайда әжемнің інісі болыпты. Есімі – Атақозы. Мүмкін інісінің де құрметіне қойған болуы керек. Ол кісі Қарағандының «Шахтер» футбол командасында ойнапты, – дейді Атақозы аға.

Елордада Көгілдір есімді қарындасымыз тұрады. Көпбалалы ана. Өзінің айтуынша, аққудың балапанындай сүйкімді болсын деп ырымдап, азан шақырып атын Көгілдір деп қойған. Бұл да бір ерекше есім. Жақында астаналық бір қарындасымды кезіктірдім. Есімі – Севинч.

– Менің атым – Севинч. Есімім өте сирек кездесетіндіктен, осындай есіммен өмір сүру қандай екенін бөліскім келеді. Бір жағынан, бұл – өте әдемі әрі мағынасы терең есім. «Севинч» – «қуаныш», «бақыт» де-

генді білдіреді. Бірақ екінші жағынан, көптеген адамдар есімімді қайта сұрап, дұрыс айта алмайды немесе қате жазады. Кейде тіпті мүлде басқа есіммен атап жатады. Оның үстіне, бұл есім менің ұлтыма тән емес болғандықтан, адамдар оны естігенде жиі таңырқап, қай ұлттан екенімді сұрайтын.

Бір қызығы, айналадағы адамдардың көбі есімімді ерекше әрі әдемі деп қабылдады. Маған қатысты жағымсыз пікірді сирек естідім. Алайда ең қиын қабылдау өзім үшін болды. Ұзақ уақыт бойы өз есімімді толықтай қабылдай алмадым. Тек соңғы уақытта мақтан тұта бастадым.

Қазір бұл есім маған өз тамырымды, отбасымның тарихын және ерекшелігімді еске салады, – дейді Севинч Батырбекқызы.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, соңғы жарты жылдықта ең көп қойылған ер адамдардың есімі – Алан. Ел бойынша 339 Алан өмір сүріп жатыр. Ал Мұхаммед деген есім – 221, қыз балалар арасында Айлин есімі көп кездеседі. 481 Айлин болса, 336 Томири, Медина есімді 315 бөліжеткен бар.

Тағы бір таңқаларлығы, әлеуметтік желіде Мынатаубиік Әнесов деген ағай бар. Жасы жетпістен асқан. Тұрағы – Текелі қаласы. Батыс Қазақстан облысының тумасы. Құлаққа жеткен қаптар бойынша Мынатаубиік ағайдың есімін әкесі қойған. Анығын Мынатаубиік Тауфиқұлы өзі айтып берді.

– Мен Бөкейордада дүние есігін ашыппын. Әкем соғыста 1942-47 жылдар аралығында болған. Қан майдан аяқталса да барлық әскердің тиісті құжатын толтыру жұмысымен айналысып, елге кешігіп келген. Майдангер әкем ауыл шетіндегі ел ішінде «Мынатау» деп аталып кеткен кішкене төбеге қарап отырып «Егер ұлды болсам осы таудай биік болсын деп атын Мынатаубиік деп қоямын» деп шешім қабылдапты.

Тағы бір қызық жағдай орын алды. Бір күні маған белгісіз нөмірден бір адам қоңырау шалды. Сөз мәмі «Асантемір Қаршығаұлы, сіздің есіміңізді ұлымызға қойдық. Есіміңіз ерекше екен, көңілімізге тұрақтады. Сосын ұлымызды сізге ұқсасын дедік. Менің есімім Айдарбек» деді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда екі Асантемір өмір сүріп жатырмыз. Ханның жалғыз ұлындай қадірлі оқырман, Сіз ұрпақ есіміне қаншалықты мән бересіз? «Астана ақшамы» газетіне хат жолдауыңызға болады.



Ажырасуды отбасындағы кішігірім сойқанмен, төңкеріспен теңеуге болады. Мұнда да кім жеңеді деген дилемма тұрады. Әдетте, ерік-жігері мықтысы әлсіздеуін өмірдің жолайрығында қалдырып, тастап кете барады. Кей жағдайда, жанұясында жағдай болмай, көрген күні күн болмағаны ажырасуға тәуекел етеді. Әр үйдегі төңкерістің сипаты әртүрлі, ерлі-зайыптының ортасына кім түскен?!

КЕТКЕННІҢ КЕГІ ЖАМАН БА?..

Айгүл УАЙС

Ал ажырасын делік. Бірақ кеткеннің кегі жаман болады екен. Өзінің ақылы жетпесе «Threads» көмекке келеді. Осыдан үш жыл бұрын ғана ашылған жаңа әлеуметтік желінің ерекшелігі сол, әдеттегідей фото-видеоға емес, мәтінге құрылады. Кім не жазса да, мұндағының бәрі тақырыптық жауаптар мен талқылауларға негізделіпті. Сондағы бір жазбаға көзім түсіп кетті. Екі балалы әйел күйеуінен көңілі қалған. Не істеймін деп елден ақыл сұрайды. Ақылшылар да аянбады. Сөзге келместен «ажырас» дегені ештеңе емес. «Әуелі үндемей жүріп, күйеуінді ірі сомаға несие алуға көндірі. Үйін, мәшинесін өзіңнің атыңа жаздырып ал. Сосын әке-шешесін шақырып, ортаға сал. Кінәсін мойнымен көтерсін» дейді. Кісіге ақыл айту оңай ғой, бірақ осылайша азғыруға бола ма?!

Жасыратыны жоқ, күйіп-жанып күйеуге тиіп, артынша бұрынғы қыз күніндегі бостандықтарын сағынып, кей жастар ажырасуға қайым келеді. Көптеген зерттеулерге сәйкес, біздің елімізде және басқа да дамыған елдердегідей күйеуі емес, көбіне әйелдері күйеулерін тастап кететін үрдіс басым екен.

Әрине, отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырамай қоймайды дейміз, айтуға оңай. Қыздарымыз жыламаса дейміз, бірақ әр нәрсенің шегі болады. Сол шектен асып кеткен жағдайда отбасын сақтап қалатындар кемде кем. Ең оңайы – ажырасу. Ажырасқанда да кеткеннің кегі қатты, күйеуін тентіретіп жіберуге даяр. Кей азаматтар бұрынғы әйелінің қос қанатын қияттындары да бар. Бұл жақсы емес. Басын ашып айтсақ, айналып келгенде, ажырасу әйелдерді ауыртпалықтан босатпайды. Керісінше, бұрынғысы бұрынғы ма, енді жауапкершілігі еселене түседі. Азды-көпті болса да күйеуінің кетуіне (немесе қуылуына) байланысты табысы кемиді. Күн көріс үшін әйелдер ажырасқанға дейінгі күніне қарағанда әлдеқайда көп жұмыс істеуге мәжбүр. Тұрмыста болғанда армандаған құрбыларымен қыдыруға да мұршасы болмайды. Бала тәрбиесі, үй, әйелдердің бәрі ұнатпайтын ас әзірлеуді ешкім олардың міндетінен айырмайды. Егер байыптап қарасақ, көбіне тұрмыстың күйбеңімен қақығандар ажырасуды тығырықтан шығудың жолы деп санайды. Бұл қате.

Ажырасуды амал қылып, өз ұясынан безінген адам, қоғамдағы әлеуметтік тепе-теңдікті бұза тұра, келесі некеден үміттенеді. Әйел қырық шырақты деп, тіпті, әйел өлсе де «қамшының сынғанындай» көретін халықпыз. Шие-тей бала да арыздасқан екеудің қорғаны бола алмайды. Әсіресе екінші некеге тұрса, баланың жауапкершілігін тез ұмытады. Әйелі ажырасуды бастаса, одан да жаман, күйеуіне ерегісіп, ұлдарын өз жұртымен араластырмай қояды. Мұндайда әйелі күйеуін жаман еке болғаны үшін кінәлайды, бірақ негізгі себеп бұл емес. Дәл баланы ойлаған ана әкесінен бездірмей-

ді. Ол да келесі күйеуі алдыңғысынан, ең алдымен, жұбайы ретінде жақсырақ болады деп сенеді, әйтпесе, ажырасудың себебі неде? Белінен тумаған балаға бөтен еркектің мейірімі түсіп, бала үшін жақсы әке болатынына үміттенеді.

Тәтті үміттер жарға жықпаса жақсы. Қираған ұясының үстінен зәулім үй тұрғызу екінің бірінің қолынан келмейтіні анық.

Не міндеті барын қайдам, кейбір әйелдер өз ұясын өзі бұзып жатса да, барлық материалдық игіліктер өзінікі деп есептейді. Оған көнбеген күйеуі сотқа арызданып, дүние бөліссе, жөнге санамайды. Ортақ

салғанда қайсысының таразысы ауыр деп сараптамайды.

Егер отбасы институты ажырасудың негізгі себептерін тізімдеп, кімге қатысты болғанда кеме суға кеткенін сараптау қажет. Ерлі-зайыптылар арасындағы дауларды ажырасуға себепші емес адамның пайдасына шешу некелік қажет. Әлеужелінің ақылмандарының кеңесімен әрекет еткеннің бет пердесі сонда ашылады. Сұрау солардан болсын. Бұл әсіресе, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс деп тұрған әйелдер феминизмі асқақтап тұрған заманда тоқтама болар еді.

Әйел сөз басында айтқан отбасының жағдайын әдейі на-



балалары үшін десек те, орта жасқа келген еркек үшін де барлық материалдық игіліксіз қалу өте қиын. Қорасында тышқақ лағы жоқ еркек те ешкімге керек болмайды. Қоғам да кедейленеді. Сол себепті екі жақ та жақсылап ойлануы тиіс.

Жастықты жас дейік, ал қырыққа жақындаған екі-үш балалы әйелдің ажырасатындай несі бар деп ойлайсыз? Одан да жан-жағынан жақсылық іздеп, сабырға келіп, өмірді қайта бастаудың мүмкіндіктерін жіберіп алмағаны жақсы.

Ажырасуды жалғыз жол деп көретіндер, бақытсыздықтың себебін бір-бірінен көрмей, кез келген отбасында сөзсіз болатын мәселелерді өздері шеше алмайтындықтан екенін түсінбейді. Жаңа некеде олар дәл осындай мәселелерге, сондай-ақ өгей балалармен қарым-қатынас жасаудың жаңа қиындықтарына тап болады. Адамның пенделіктерін түсініп, кешірімді болу – отбасының іргетасының мықты болуының кепілі.

Жұбайлар өзара кемшілік-міндеріне төзбеушілік отбасыларды бұзып қана қоймай, қайта некеге тұруға және оны сақтап қалу мүмкіндігіне де кедергі келтіреді. Жасында отбасынан ажырап, ғұмырын ұл-қызын жетілдіруге жұмсағандардың еңкейген сәттерінде өкінгендерін көрдік. Жасында ескермеді. Уақыт өте өмірлік серік табу мүмкіндігі азаяды. Уақыттың тезінен аман өтіп, немере-шөбересінің ортасында жүргендерді көргенде ғана қолдан ұшырған бақыттың қадірін түсінеді.

Біздің елдің неке туралы заңында егер ерлі-зайыптылар ажырасуға өзара келісіп сотқа жүгініп отырса, себебін сұрамастан ажырата салады.

Тағы бір мәселе, отбасын сақтауда әйелдердің жауапкершілігі көп ескеріле бермейді. Сот отбасының бұзылуына алып келген кімнің кінәсі ауырлау, кім жауапкершіліктен қашқанын анықтамайды және сұралмайды. Содан кейінгі балаларға кім ие, алиментті кім төлейді, ортақ мүлікті бөліске

шарлату, тығырыққа тіреу әрекеттерін ешкім байыбына барлық материалдық игіліксіз қалу өте қиын. Қорасында тышқақ лағы жоқ еркек те ешкімге керек болмайды. Қоғам да кедейленеді. Сол себепті екі жақ та жақсылап ойлануы тиіс.

Жастықты жас дейік, ал қырыққа жақындаған екі-үш балалы әйелдің ажырасатындай несі бар деп ойлайсыз? Одан да жан-жағынан жақсылық іздеп, сабырға келіп, өмірді қайта бастаудың мүмкіндіктерін жіберіп алмағаны жақсы.

Ажырасуды жалғыз жол деп көретіндер, бақытсыздықтың себебін бір-бірінен көрмей, кез келген отбасында сөзсіз болатын мәселелерді өздері шеше алмайтындықтан екенін түсінбейді. Жаңа некеде олар дәл осындай мәселелерге, сондай-ақ өгей балалармен қарым-қатынас жасаудың жаңа қиындықтарына тап болады. Адамның пенделіктерін түсініп, кешірімді болу – отбасының іргетасының мықты болуының кепілі.

Жұбайлар өзара кемшілік-міндеріне төзбеушілік отбасыларды бұзып қана қоймай, қайта некеге тұруға және оны сақтап қалу мүмкіндігіне де кедергі келтіреді. Жасында отбасынан ажырап, ғұмырын ұл-қызын жетілдіруге жұмсағандардың еңкейген сәттерінде өкінгендерін көрдік. Жасында ескермеді. Уақыт өте өмірлік серік табу мүмкіндігі азаяды. Уақыттың тезінен аман өтіп, немере-шөбересінің ортасында жүргендерді көргенде ғана қолдан ұшырған бақыттың қадірін түсінеді.

Біздің елдің неке туралы заңында егер ерлі-зайыптылар ажырасуға өзара келісіп сотқа жүгініп отырса, себебін сұрамастан ажырата салады.

Тағы бір мәселе, отбасын сақтауда әйелдердің жауапкершілігі көп ескеріле бермейді. Сот отбасының бұзылуына алып келген кімнің кінәсі ауырлау, кім жауапкершіліктен қашқанын анықтамайды және сұралмайды. Содан кейінгі балаларға кім ие, алиментті кім төлейді, ортақ мүлікті бөліске

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

31.07.2026

№510-2654

Реквизициялау тәртібінде жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 91-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен, Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 356/47-VIII шешімімен бекітілген Астана қаласының апатты және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламалары, Астана қаласы әкімінің 2026 жылғы 16 маусымдағы № 182-3 «Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1,2-қосымшаларға сәйкес 2026 жылғы 9 қыркүйектен бастап 2027 жылғы 9 қыркүйекке дейін мүлікті, оның ішінде жалпы ауданы 1,7854 га жер

учаскелерін реквизициялау тәртібінде мәжбүрлеп иеліктен шығару жүргізілсін.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма), осы қаулы жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей, тұрғын және тұрғын емес орын-жайлардың меншік иелеріне жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктің алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тұрғын және тұрғын емес орын-жайлардың меншік иелерін көшіруді жүргізсін.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.


Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «31» 07
№ 510-2654 қаулысына
1-қосымша

Реквизициялау тәртібінде мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелері

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі	Жер учаскесінің ауданы (ш.м)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-012-421	Анапьянова Алмагуль Кайргельдиновна Нуржанова Сауле Амангельдықызы Қалабаев Айболта Токтарович Қусманов Серик Бурлыбаевич Есов Даулет Тулеубаевич, Есова Меруерт Жайсанбековна	345	345	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова көшесі, №18/2 үй, №2 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова көшесі, №18/2 үй, №1 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова көшесі, №18/2 үй, №6 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова көшесі, №18/2 үй, №3 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ә. Молдағұлова көшесі, №18/2 үй, №3 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
2.	21-324-029-551	Бухарбаева Айсулу Омирбековна, Буршақбаев Канат Шоқанович Кумекбаев Жамбыл Аринович Ступин Юрий Васильевич	1387	1387	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Лев Толстой көшесі, №5 үй, №3 пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Лев Толстой көшесі, №5 үй, №2 пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Лев Толстой көшесі, №5 үй, №6 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
3.	21-319-015-471	Заремба Екатерина Павловна, Ясковец Людмила Павловна, Ясковец Павел Иванович Иванова Надежда Сергеевна Москвитин Геннадий Николаевич, Москвитина Наталия Ивановна Москвитина Мария Викторовна Зубецкий Евгений Артурович	1575	1575	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сеченов тұйық көшесі, №8 үй, №2 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сеченов тұйық көшесі, №8 үй, №6 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сеченов тұйық көшесі, №8 үй, №7 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сеченов тұйық көшесі, №8 үй, №2 пәте Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сеченов тұйық көшесі, №8 үй, №1 пәтер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сеченов тұйық көшесі, №8 үй, №5 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
4.	21-319-026-144	Кенесары көшесі, №21 үйдегі тұрғын үйдің кондоминиумы қатысушылары болып табылатын тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері Сатемиров Бекболат Резуанович ТОО «Land Invest Group» Романенко Андрей Вальсевич	433	433	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Кенесары көшесі, №21 үй Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Кенесары көшесі, №21 үй, ТЕО-2 Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Кенесары көшесі, №21 үй, ТЕО -1 Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Кенесары көшесі, №21 үй, ТЕО -1	Тұрғын үйді пайдалану Дүкенді пайдалану Сыра барын пайдалала Дүкенді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
5.	21-324-020-349	Оханлон Динара Ермековна Абдрашитова Татьяна Анатольевна Бердалиев Батырбек Турганбекович Абдрашитов Максим Николаевич Арыстанбаев Амангазы Абилкадырович Койшубаев Нурумбек Тортаевич, Койшубаева Гульмира Койбагаровна Жангужин Жумарт Сартаевич, Жангужина Амина Сайхатановна Нигметов Каиркен Каймакович, Нигметов Каиркен Каиркенович, Нигметова Маржан Каиркеновна	436	436	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №25 пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №24 пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №44 пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №24а пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №24б пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №27 пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №26 пәтер Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №28а пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік



6.	21-324-062-459	Ж. Досмұхамедұлы көшесі, №8 үйдегі тұрғын үйдің кондоминиумы қатысушылары болып табылатын тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері Абдирашова Ақжибек Жумағалиевна, Осмонов Кыялбек Джумабекович Полибаев Темур Ермуханбетұлы	1357	1357	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, №8 үй Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, 8-үй, ТЕО-1 Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, 8-үй, ТЕО-2.	Тұрғын үйді пайдалану Орын-жайды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
7.	21-324-062-461	Ж. Досмұхамедұлы көшесі, №12 тұрғын үйінің кондоминиум объектiсiндегi тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері	1348	1348	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, 12-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
8.	21-324-062-457	Ж. Досмұхамедұлы көшесі, №4 тұрғын үйінің кондоминиум объектiсiндегi тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері Пустовая Татьяна Александровна	1454	1454	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, 4-үй Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, 4-үй, НП-1	Тұрғын үйді пайдалану Орын-жайды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
9.	21-319-001-242	Сеитова Динара Канатовна, Назирова Шамшия Абишевна Джабраилова Роза Султановна Сологуб Антонина Васильевна Малахова Инесса Григориевна Шудлюк Олена Борисовна, Овсяук Екатерина Борисовна, Шудлюк Галина Леонидовна Цымбалов Андрей Анатольевич, Цымбалова Юлия Александровна	1012	1012	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Герцен көшесі, 2А-үй, 1-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Герцен көшесі, 2А-үй, 9-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Герцен көшесі, 2А-үй, 2-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Герцен көшесі, 2А-үй, 4-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Герцен көшесі, 2А-үй, 7-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Герцен көшесі, 2А-үй, 5-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану 19.03.2024ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ортақ үлестік жер пайдалану.	Ортақ үлестік меншік
10.	21-319-012-422	Абжанов Аят Тлеулесович Жаканова Айнақуль Хамитовна, Жаканов Амангельды Кенесович Ходжиев Шамурат Цай Оксана Александровна, Тумбаев Александр Дмитриевич, Тумбаева Надежда Аркадьевна Кульманова Нуржамол Мамбетовна	362	362	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ө. Молдағұлова көшесі, 18/3-үй, 1-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ө. Молдағұлова көшесі, 18/3-үй, 6-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ө. Молдағұлова көшесі, 18/3-үй, 2-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ө. Молдағұлова көшесі, 18/3-үй, 3-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ө. Молдағұлова көшесі, 18/3-үй, 5-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану Дүкенді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
11.	21-319-015-178	Пфайфер Иван Андреевич Копжанова Бибит, Калиев Женис Жамилович, Бердимуратов Бауржан Ұрдакбаевич Исин Алтынбек Укманович Величко Мария Кирилловна	1040	1040	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сеченов тұйық көшесі, 6-үй, 3-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сеченов тұйық көшесі, 6-үй, 4-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сеченов тұйық көшесі, 6-үй, 1-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану 19.03.2029ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ортақ үлестік жер пайдалану	Ортақ үлестік меншік
12.	21-319-014-074	Бядилова Даматкен Талеубаевна Шоданов Элимбек Каримович, Шоданова Гульнара такишевна, Балтабаева Зарина Элимбековна, Шоданов Тимур Элимбекович	720	720	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Дүкенұлы көшесі, 3-үй, 2-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Дүкенұлы көшесі, 3-үй, 1-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
13.	21-319-014-115	Айтбай Қуат Әмірхамзаұлы Минаев Александр Петрович, Тимошенко Юрий Владимирович Бариева Карина Муратовна	730	730	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Дүкенұлы көшесі, 5-үй, 1-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Дүкенұлы көшесі, 5-үй, 3-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Дүкенұлы көшесі, 5-үй, 2-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
14.	21-324-058-1023	Құсжолы көшесі, №8 тұрғын үйінің кондоминиум объектiсiндегi тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері, «Біздің үй Луна» мүлік иелері бірлестігі (МИБ) Мезелинцева Наталья Алексеевна Саплис Раиса Иозасовна	700	700	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Құсжолы көшесі, 8-үй Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Құсжолы көшесі, 8-үй, 5-пәтер Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Құсжолы көшесі, 8-үй, 4-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
15.	21-319-026-474	Китанов Төлеген Канатович, Китанов Амир Канатович, Китанов Канат Мухамедгалиевич, Китанова Умыт Барлыбаевна Ярошенко Гульфия Нурляновна, Хасенова Людмила Сергеевна Орынтаева Гульжихан Оспанбаевна	902	902	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 18/4-үй, 1-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 18/4-үй, 2-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 18/4-үй, 3-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
16.	21-319-026-490	Касембаева Алия Ерденовна Чумаков Александр Петрович, Чумакова Татьяна Михайловна, Бурдакова Таисия Дмитриевна, Чумаков Петр Александрович Алдажанов Бауржан Ерденович Алдажанов Бауржан Ерденович	593	593	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 18/3-үй, 1-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 18/3-үй, 2-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 18/3-үй, 3-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 18А ғимарат	Тұрғын үйді пайдалану Дүкенді пайдалану	Ортақ үлестік меншік

17.	21-319-026-092	Чесноков Николай Александрович	480	480	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С. Сейфуллин көшесі, 18/5-үй, 2,1-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
18.	21-324-031-399	Собственники жилых и нежилых помещений-участники кондоминиума жилого дома по пр. Абая, д. №87/2	617	617	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Абай даңғылы, 87/2-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
19.	21-324-031-400	Собственники жилых и нежилых помещений-участники кондоминиума жилого дома по пр. Абая, д. №87/1	724	724	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Абай даңғылы, 87/1-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
20.	21-319-061-462	Сулейменова Гульмира Владимировна, Сулейменов Куаныш Сабитович Запасов Павел Викторович Селиванова Екатерина Николаевна, Лоре (Козлова) Людмила Геннадьевна, Козлов Николай Иннокентьевич, Козлов Николай Иннокентьевич Федотова Оксана Борисовна	1158	1158	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ұланбел көшесі, 3-үй, 4-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ұланбел көшесі, 3-үй, 2-пәтер. Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ұланбел көшесі, 3-үй, 4А-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
21.	21-319-013-343	Аскерова (Райзер) Александра Абдуллабековна Жанғабыл Нұрлан Мүсипқазыұлы Абдугалиева Раухаш Джакупова Валентина Маратовна Исакова Людмила Александровна Бучименская Елена Анатольевна	481	481	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ы. Алтынсарин көшесі, 14-үй, 1-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ы. Алтынсарин көшесі, 14-үй, 2-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ы. Алтынсарин көшесі, 14-үй, 4-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ы. Алтынсарин көшесі, 14-үй, 5-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ы. Алтынсарин көшесі, 14-үй, 6-пәтер Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Ы. Алтынсарин көшесі, 14-үй, 3-пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік

2026 жылғы «31» 07
№510-2654 қаулысына
2-қосымша

Реквизициялау тәртібінде мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жылжымайтын мүлік объектісі

р/с №	Жылжымайтын мүлік объектісінің меншік иелері	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (кв.м)	Жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері
1	2	3	4
1.	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Атбасар көшесі, №1 үй мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің кондоминиум объектісіне қатысушы тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері	1122	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Атбасар көшесі, №1
2.	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ө. Молдағұлова көшесі, №18/2 үй, №1, №2, №3, №4, №6 пәтерлер мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің кондоминиум объектісіне қатысушы тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері	345	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ө. Молдағұлова көшесі, №18/2 үй, №1, №2, №3, №4, №6 пәтерлер
3.	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Құтпанов көшесі, №24 үй мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің кондоминиум объектісіне қатысушы тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері	651	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Құтпанов көшесі, №24
4.	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Лев Толстой көшесі, №5 үй, №2, №3, №6 пәтерлер мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің кондоминиум объектісіне қатысушы тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері	1387	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Лев Толстой көшесі, №5 үй, №2, №3, №6 пәтерлер
5.	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сеченов тұйығы, №8 үй, №1, №2, №2, №5, №6, №7 пәтерлер мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің кондоминиум объектісіне қатысушы тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері.	1575	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сеченов тұйығы, №8 үй, №1, №2, №2, №5, №6, №7 пәтерлер
6.	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Кенесары көшесі, №21 үй, тұрғын емес үй-жайлар №1 және №2 мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің кондоминиум объектісіне қатысушы тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері	433	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Кенесары көшесі, №21 үй, тұрғын емес үй-жайлар №1 және №2
7.	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №24, №24а, №24б, №25, №26, №27, №28а, №44 пәтерлер мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің кондоминиум объектісіне қатысушы тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері	436	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, С. Жүнісов көшесі, №7 үй, №24, №24а, №24б, №25, №26, №27, №28а, №44 пәтерлер
8.	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, №8 үй, №1 және №2 тұрғын емес үй-жайлар мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің кондоминиум объектісіне қатысушы тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері	1357	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, №8 үй, №1 және №2 тұрғын емес үй-жайлар
